

Қазақстан Республикасының қоғамдық даму министрлігі
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы

**«Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси
жағдайды зерттеу»
(2018 жылдың екінші жартыжылдығы)**

**Социологиялық зерттеу нәтижелері бойынша
сараптамалық баяндама**

Астана, 2018

Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу (2018 жылдың екінші жартыжылдығы) / Астана: «Жастар» ҒЗО, 2018. – 208 б.

Баяндама Қазақстан Республикасының қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша 2018 жылдың екінші жартыжылдығында жүргізілген «Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайды зерттеу» социологиялық зерттеуінің нәтижелеріне негізделген.

Мазмұны

I-Бөлім. социологиялық зерттеу бағдарламасы.....	5
1.1. Бағдарламаның әдіснамалық бөлігі.....	5
1.2. Зерттеудің әдістемелік бөлігі	8
II-Бөлім. жастардың мемлекеттік жастар саясатына көзқарасы.....	13
2.1. Жастардың жастар саясатын іске асыратын жекелеген мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейі және оны бағалау.....	13
2.2. Жастарды қолдау туралы мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттылық дәрежесі.....	19
2.3. Жастардың мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылық дәрежесі.....	21
Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.....	24
III-Бөлім. Жастар Қазақстан Республикасының Президентінің «қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауы туралы.....	27
3.1.Қазақстан жастарының Президенттің қазақстан халқына «қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауы туралы хабардарлығы.....	27
3.2.Жастардың Жолдауды іске асыруға дайындығы.....	29
Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.....	31
IV-Бөлім. Жастардың өмірдің түрлі аспектілеріне қанағаттанушылығы және өзекті мәселелері.....	33
4.1. Жастардың өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттанушылығы.....	33
4.2. Жастардың тұрғылықты жерлеріндегі өзекті мәселелері	34
4.3.Жастардың жұмыспен қамту саласындағы мәселелері.....	36
4.4. Жастардың білім беру сапасына, жастардың дамуына мен бос уақытты өткізуге жасалатын жағдайларға қанағаттанушылық дәрежесі.....	41
4.5. Медициналық қызмет және денсаулық мәселелері.....	44
4.6. Тұрғын-үй мәселесі.....	47
Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.....	50
V-Бөлім. Ел жастары санасындағы ұлтжандылық қасиетінің құндылығы.....	53
5.1. Қазақстан жастарының ұлтжандылық деңгейі.....	53
5.2. Жас қазақстандықтардың санасындағы «ұлтжандылық» ұғымының мағынасы.....	55
Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.....	58
VI-Бөлім. жастарының дінге қатынасы.....	60
6.1. Қазақстан жастарының жеке діншілдік деңгейі.....	60

6.2. Жастар арасындағы дінге қызығушылық.....	63
Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.....	66

VII-Бөлім. Жастар ортасындағы наразылық көңіл-күйді бағалау.....67

7.1. Жастардың тұрғылықты жерлерінде наразылық акцияларының туындау ықтималдығын бағалауы.....67

7.2. Жастар ортасындағы наразылық белсенділігі деңгейін жоғарылатуға қабілетті мәселелер.....68

Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар.....71

ҚОРЫТЫНДЫ.....73

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....79

ҚОСЫМША.....80

I-БӨЛІМ. СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1. Бағдарламаның әдіснамалық бөлігі

1.1.1. Мәселелік жағдайды негіздеу

Қазіргі жастар жаңғырып келе жатқан Қазақстанның негізгі стратегиялық ресурсы болып табылады. Бүгінгі қазақстандық жастар мемлекетті жаңартуға, республиканың қоғамдық және саяси өміріне белсене қатысуда. Қазақстандық қоғамда орын алып жатқан өзгерістер жастар ортасындағы оң құбылыстарды да (саяси, әлеуметтік, кәсіби және шығармашылық белсенділік), келеңсіз құбылыстарды да (әртүрлі ауытқуларды) көрнекі түрде көрсетеді. Бұл жастар мен жастар мәселелерін жүйелі ғылыми зерттеу қажеттігін өзекті етеді.

Бүгінде жастар өмірде бірқатар мәселелерге тап болады. Олардың ішінде жиі кездесетіні әлеуметтік-экономикалық мәселелер – табыстың төмендігі, жұмыссыздық, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіздік, тұрғын үй мәселелері және т.с.с. Жастар мәселелерін шешу шараларын уақытында қабылдап, олардан шығу жолдарын табу қажет, себебі оларды елемеу жастар топтарының ортасында көңіл толмаушылықтың туындауына және аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайдың шиеленісуіне түрткі болуы мүмкін.

Қазақстан жастарының сапалық сипаттарына келер болсақ, қазіргі жастардың бейімделгіш, сындарлы және парасатты болғанын, олардың аға буын өкілдеріне қарағанда мемлекеттік тарапынан көрсетілетін көмек пен қолдауға мұқтаждығының сиреп бара жатқанын айту қажет.

Алайда, қоғам ішіндегі өмір сүру жағдайларына жалпы көзқарастың оң болғанына қарамастан, мемлекетке жастардың саяси белсенділігі мен көзқарастарының барлық параметрлерін тереңірек зерттеу қажет. Жастардың қоғамдық пікірі, олардың наразылық көңіл-күйлері – бұл қоғам өмірінде болып жатқан үдерістер мен өзгерістерге аса сезімтал субстанция. Жастар ортасындағы қоғамдық-саяси жағдайдың жүйелі мониторингі жастар ортасындағы басқарылмайтын наразылық қозғалыстарының алдын алудың заманауи шараларын қабылдауға және олардың туындауына кедергі жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан жастары бүгінгі күні әрқелкі, онымен жұмыс істеу үшін әр топ үшін жеке саясат құру қажет. Сондықтан Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының маңызды міндеттерінің бірі жастар мәселелерін зерттеу, мониторинг жүргізу, сондай-ақ оларды шешудің заманауи шараларын қабылдау болып табылады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясаты жастардың рухани, мәдени, білім, кәсіби қалыптасуы мен физикалық дамуы, олардың бүкіл қоғам мүдделеріндегі шығармашылық әлеуетінің ашылуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастыру шаралары мен кепілдіктерін құру мақсатында жүзеге асырылады.

1.1.2. Зерттеудің мақсаты және міндеттері

Осы зерттеудің мақсаты Қазақстан жастарының әлеуметтік хал-ахуалын зерделеп, олардың негізгі қажеттіліктері мен қоғамдық-саяси көңіл-күйлерін анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін төмендегі негізгі зерттеу міндеттерін шешу көзделеді:

1) жастардың жалпы өміріне және оның әртүрлі аспектілеріне (білім беру сапасына, өз бос уақытын өткізу үшін жасалатын жағдайларға) қанағаттанушылық дәрежесін бағалау;

2) жастардың тұрғылықты жерлеріндегі ең өзекті әлеуметтік мәселелер рейтингісін анықтау;

3) жастардың жұмыспен қамту саласындағы мәселелерін анықтау;

4) жастардың мемлекеттің жастар саясатына көзқарасын зерттеу;

5) жастардың ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауымен хабардарлық деңгейі мен қатынасы;

6) жастардың Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі Жастар саясаты Департаменті, сонымен қоса мемлекеттік жастар саясаты институттарына қатысты тиімділігін бағалау;

7) жастардың жастар саясатын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдар қызметі туралы хабардарлық деңгейін анықтау;

8) жастардың жастарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы, жастар ұйымдарының қызметі туралы ақпараттылық дәрежесін анықтау;

9) жастардың іске асырылып жатқан жастар саясатына қанағаттанушылық деңгейін бағалау;

10) мемлекет жастарының санасындағы патриот мағынасын айқындау;

11) жастар ортасындағы діншілдік деңгейін бағалау;

12) жастардың наразылық әлеуетінің деңгейін және оны арттыруға қабілетті мәселелерді анықтау;

13) мүдделі мемлекеттік органдарға және жастар саясатының басқа институттарына арналған мемлекет аймақтарындағы жастар ортасында тұрақты қоғамдық-саяси жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу.

1.1.3. Зерттеу нысаны және мәні

Зерттеу нысаны – халықтың әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамаларын көрсететін параметрлер бойынша таңдап алынған Қазақстан Республикасының 14-28 жас аралығындағы жастары.

Зерттеу пәні – жас қазақстандықтардың әлеуметтік хал-ахуал, көңіл-күйлері мен қажеттіліктері туралы пікірлерін зерттеу.

1.1.4. Негізгі ұғымдардың түсіндірмесі

Жастар – Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма сегіз жасқа дейінгі азаматтары. Жастар – бұл жас шектерімен қоғам ішіндегі өз мәртебесімен: балалық және жастық шақтан әлеуметтік жауапкершілікке

көшуімен ерекшеленетін ерекше әлеуметтік-жастық топ. Кейбір ғалымдар жастарды қоғам оларға жеңілдіктермен қамтамасыз ете отырып, бірақ әлеумет өмірінің белгілі бір салаларына белсенді қатысу мүмкіндіктерін шектей отырып, әлеуметтік даму мүмкіндігін беретін жас адамдардың жиынтығы деп анықтайды.

Адамның әлеуметтік хал-ахуалы оның қоғамда қалыптасқан әлеуметтік игіліктер жүйесінің, олардың өндіру мен үлестірудің туындылары болып табылатын әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесімен анықталады. Сонымен қатар бұл аталған әлеуметтік жағдайлардың нақты бір адам үшін қолайлылық дәрежесі, яғни оның қоршаған әлем туралы жеке тәжірибесінен туындайтын субъективті пікірі.

Наразылық әлеуеті – белсенді наразылық шеруге айналу мүмкіндігіне ие, аумақтық ұлттық қауіпсіздігі үшін едәуір қауіпті болып табылатын, азаматтардың белгілі бір жағдайларда наразылық акцияларына қатысу ниеті, бейімділігі.

Діншілдік – жеке тұлғаның немесе топтың діни және діни емес салалардағы саналы түрде, мінез-құлықтың және қатынастардың деңгейінде қасиетті және/немесе тылсым дүниеге сенуді және табынуды білдіретін сапасы.

Жастар ортасының радикализмі – жастар ортасына экстремистік көзқарастар мен идеялардың енуі, яғни зорлық-зомбылық жасауға, түбегейлі ұлтшылдыққа, нәсілдік және ұлттық төзбеушілік жағдайлардың пайда болуына алып келеді.

Мемлекеттік жастар саясаты – мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастыру және құқықтық шаралар жүйесі.

Бос уақыт – жұмыс уақытынан басқа бос уақыт. Бос уақыт адамдардың тауарлар мен қызметтерді тұтынуына қосымша олардың пайдалылық функцияларына жатады. Бос уақыт мөлшерін нақты өлшеу қиын: оны жұмыста өткізілмеген уақыт деп анықтауға болады; алайда жұмысқа баруға (жұмыс басты болған жағдайда) немесе жұмысты іздеуге (жұмыссыз болған жағдайда) жұмсалған уақытты бос уақыт деп санауға болатындығына күмән бар. Бос уақыт құралдарымен қамтамасыз ету, оған қоса мәдени демалыс, спорт немесе ойын-сауықтар индустриясы қазіргі экономиканың маңызды секторы болып табылады.

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, өз елі үшін мақтаныш, оны тануға және түсінуге, жақсартуға ұмтылу.

1.1.5. Зерттеудің болжамдары

Негізді болжам.

Аймақта/елді мекенде әлеуметтік мәселелердің болуына қарамастан қазіргі қазақстандық жастардың әлеуметтік ахуал деңгейі айтарлықтай жоғары, алайда ол жастардың тұрғылықты жеріне, табыс және білім алу деңгейіне қарай айтарлықтай өзгеріп тұрады.

Болжамдар:

1. Жалпы алғанда, Қазақстан жастарына оптимистік көңіл-күйлер мен өміріне жоғары субъективті қанағаттанушылық деңгейі тән.

2. Жастардың тұрғылықты жерлеріндегі ең өзекті әлеуметтік мәселелеріне жұмыспен қамтуға байланысты мәселелер, жұмыссыздық, білім сапасының төмендігі, өз тұрғын үйлерінің болмауы жатады.

3. Жастардың мемлекеттік жастар саясаты мен жастарды қолдау шаралары туралы хабардарлық деңгейін орташа немесе орташадан төмен деп сипаттауға болады.

4. Қазіргі қазақстандық жастардың санасында патриотизм қасиетінің құндылығы едәуір жоғары. Бұл ретте бұл құндылықтың мазмұны жастардың этникалық қатыстылығына және басқа әлеуметтік белгілеріне қарай өзгеріп тұрады.

5. Жастардың жастар субмәдениеттеріне ену деңгейі жалпы мемлекет бойынша айтарлықтай төмен, жастар субмәдениеттері ірі қалаларда ғана кең таралған, оған еруге жастардың жас мөлшері мен этникалық қатыстылығы әсер етеді. Жалпы, жастардың субмәдениеттерге деген көзқарасы бейтарап болып келеді, жоғары жастық топтарға қарағанда кіші жастық топтар оң көзқарас танытады.

6. Жастар ортасындағы діншілдік деңгейін орташа, мемлекеттің бірқатар аймақтарында жоғарырақ мәндерге беталысы бар деп сипаттауға болады.

7. Қазіргі уақытта жастар ортасындағы наразылық белсенділігінің деңгейі орташа деп бағаланады. Бірқатар облыстарда жастар материалдық жағдайға қанағаттанушылық деңгейінің төмендігінен, жекелеген елді мекендердің әлсіз дамуынан туындаған әлеуметтік шиеленістің жоғары деңгейін көрсетуде.

1.2. Зерттеудің әдістемелік бөлігі

1.2.1. Іріктеу көлемін анықтау

Іріктеу жиынтығының көлемі 2000 респондентті құрайды. Социологиялық зерттеуді жүргізу аймағы Қазақстан Республикасының барлық өңірлерін – республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларын, 14 облыс орталығын, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді қамтиды. Зерттеуде стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды.

Жоба бойынша іріктеу жиынтығы, адам

	Барлық тұрғындар			Қала тұрғындары			Ауыл тұрғындары		
	Екі жынысты	Ерлер	Әйелдер	Екі жынысты	Ерлер	Әйелдер	Екі жынысты	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	2000	1026	974	1130	547	583	870	456	414
Ақмола облысы	76	40	36	34	17	17	42	23	19
Ақтөбе облысы	98	61	37	61	31	30	37	19	18
Алматы облысы	209	109	100	45	22	23	164	86	78
Атырау облысы	69	36	33	31	15	16	38	20	18
Батыс-Қазақстан облысы	70	36	34	35	18	17	35	18	17
Жамбыл облысы	123	63	60	47	25	22	76	38	38
Қарағанды облысы	144	74	70	113	55	58	31	16	15
Қостанай облысы	91	46	45	47	23	24	44	24	20
Қызылорда облысы	91	47	44	38	19	19	53	27	26
Маңғыстау облысы	75	38	37	28	14	14	47	24	23
Түркістан облысы	296	154	142	96	46	50	200	107	93
Павлодар облысы	74	38	36	51	25	26	23	12	11
Солтүстік-Қазақстан облысы	53	28	25	24	10	14	29	15	14
Шығыс-Қазақстан облысы	136	70	66	85	42	43	51	27	24
Астана қ.	117	56	61	117	53	64	-	-	-
Алматы қ.	218	101	117	218	103	115	-	-	-
Шымкент қ.	60	29	31	60	29	31	-	-	-

* ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің 2018 жылғы 1 қаңтар мәліметтері бойынша

Осы зерттеуде бақылау бірліктері бірнеше кезеңмен іріктелді: ықтималдықты іріктеу дизайны қолданылды. Ықтималдықты іріктеу дизайны жиынтық шегіндегі кез келген адамның (14 -28) талдау үшін теңдей іріктеп алыну мүмкіндіктері болатындай құрылған. Стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды. Негізгі страталар мыналар болып табылады:

1-саты. Облыстар бойынша іріктеу – облыстар және республикалық маңызы бар қалалар бойынша тұрғындар санының негізінде, мемлекеттің 16 облысы – Астана, Алматы және Шымкент қалалары, 14 облыс орталығы бойынша іріктеу көлемдері анықталды.

2-саты. Қала-ауыл қағидасы бойынша іріктеу – әр облыста қалалық және ауылдық іріктеу көлемдері есептелді.

3-саты. Бастау нүктесін іріктеу – әрбір елді мекеннің шеңберінде

кездейсоқ тәсілмен бағыттың бастау нүктелері мен респонденттердің саны анықталады.

4-саты. Үй шаруашылығын іріктеу – бастау нүктесінен бастап бағыт бойынша «сол қол» ережесі бойынша үй шаруашылығы іріктеп алынады.

5-саты. Респонденттерді квота бойынша іріктеу – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі – жынысы және жасы – жас-жыныс квота бойынша іріктеп алынады – респонденттің жасы 14 -28 болу керек, сонымен қатар жынысы бойынша көрнекі түрі (жауап алынатын ерлер мен әйелдердің саны Статистика комитетінің мәліметтері бойынша әрбір облыс, қала және ауыл бойынша есептелген).

Іріктеу өкілді, яғни бөліп көрсетілген параметрлер бойынша респонденттердің құрамы негізгі жиынтықтағы тиісті пропорцияларына жуық (Статистика комитетінің 2018 жылға арналған мәліметтері бойынша) болып табылады. Бұл ретте іріктеу жиынтығының орташа сипаттамаларының негізгі жиынтықтың орташа сипаттамаларынан ауытқуы $\pm 3,5$ % аспау керек.

1.2.2. Бастапқы социологиялық ақпаратты жинауда қолданылатын әдістерінің сипаттамасы

Ақпарат жинау әдісі 14-28 жас шамасындағы жастардан «face-to-face» жаппай сұрау болып табылады. Бұл әдіс Қазақстан жастар ортасындағы жағдай туралы объективті ақпарат алуға, сондай-ақ жас қазақстандықтардың негізгі қажеттіліктері мен әлеуметтік тәжірибелерін айқындауға мүмкіндік берді. Жүргізілген жаппай сұрау нәтижелерінің негізінде бұқаралық мінез-құлық туралы болжам жасалады.

Жаппай сұрау шеңберінде ақпарат жинау респонденттердің тұрғылықты жері (пәтерлік сұрау деп аталады), сирек жағдайларда оқу/жұмыс/жұмыс орны бойынша (жедел іздеуге және мақсатты топқа қол жеткізу үшін) жүргізіледі. Таңдап алынған әдіс ағымдағы зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

1.2.3. Инструментарий құрылымы

Социологиялық зерттеудің логикалық түрде құрылымдалған сұрақтар тізімі–сауалнамасы – белгілі бір ережелер бойынша құрастырылған және бір-бірімен байланысты бірқатар сұрақтар жиынтығы бар бастапқы ақпаратты жинауға арналған құрал, тираждалған құжат, деректерді жинау техникасы болып табылады. Социологиялық сауалнаманың қасиеттері мен белгілері, оның көлемі, құрылымы, сұрақтарды құрылымдау ерекшелігі бір-бірімен тығыз байланысты және осы құралды пайдалану (жаппай) көзделген сұрау түрімен, сондай-ақ зерттеу нысанының ерекшеліктерімен анықталады.

Социологиялық сауалнаманың құрылымы үш блоктан тұрады: 1) респондентке арналған үндеуден, зерттеу туралы ақпараттан және т.б. құралатын кіріспе блок; 2) тек қана зерттеліп жатқан мәселе бойынша сұрақтар жиынтығынан құралатын негізгі блок. Бұл блок зерттеліп жатқан мәселелердің әртүрлі аспектілеріне немесе жеке тақырыптарға арналған бірнеше бөлімнен құралуы мүмкін; 3) респонденттің жынысы, жас шамасы, білімі, табысы және

т.с. сияқты сипаттамалар туралы сұрақтар жиынтығынан құралатын әлеуметтік-демографиялық блок.

Сұрақтарды тұжырымдау – сауалнама құрастырудың ең күрделі кезеңі. Сауалнама сұрақтары респонденттерге түсінікті, грамматикалық және логикалық жағынан қарапайым болуға, олардың жалпы даму деңгейін, мәдени ерекшеліктері мен зерттеу тақырыбының саласы жайлы хабардарлық дәрежесін ескеруі тиіс.

Сауалнама құрастыру оны тексеруді, сынауды және нақтылауды бөлдіреді. Сауалнаманың сапасын анықтау үшін пилотажды зерттеу жүргізіледі. Оның барысында сауалнаманың мазмұны, сұрақтардың тұжырымдалуы және жүйелігі, жауаптардың нұсқалары және т.б. тексеріледі. Пилотажды микро-іріктеу (10 адамға дейін) бойынша тәжірибелі социолог респонденттің жауаптарын, оның сұрақтардың мазмұнына орай әрекетін, оларды түсінуін және қабылдауын, сондай-ақ міндетті түрде сұрауға жұмсалған уақытты белгілеп ала отырып жүргізеді. Осының барлығы инструментарийдің кемшіліктерін анықтауға, оларды түзеуге және сауалнаманы жаппай жұмысқа бейімдеуге мүмкіндік береді. Сұрау тілі: респонденттің қалауына қарай қазақ және орыс тілдерінде.

Зерттеудің далалық кезеңінің ақпаратын әлеуметтік-демографиялық параметрлері бойынша іріктеп алынған арнайы дайындалған сұхбат алушы жинайды. Сұхбат алушылар әрбір респондентпен сұхбат жүргізу барысында сауалнаманың толтырылуын қамтамасыз етеді. Барлығы жаппай сұрауды 16 аймақтық супервайзердің басшылығымен 90-нан астам сұхбат алушы жүргізеді.

1.2.4. Ақпарат өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің қорытындылары бойынша «Жастар» ҒЗО қызметкерлері сұхбат алушылардың жұмысына бақылау жүргізді (сауалнамалардың толтырылу дұрыстығын 100 % тексеру және телефон бойынша 30 % бақылау), сондай-ақ деректердің кодировкасын, енгізілуі мен өңделуін бақылады. Бақылау жүргізу үшін «Жастар» ҒЗО мәліметтерді саөтады және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша зерттеудің далалық кезеңінің барлық құжаттарын (сауалнамаларды, бағыттық қағаздарды, сызғыштарды, корреляцияларды) ұсына алады.

Бастапқы деректерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемдік, екі өлшемдік кестелерді шығару, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензиялық, орыстандырылған SPSS компьютерлік бағдарламасының (21-нұсқа) көмегімен жүзеге асырылды.

1.2.5. Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы социологиялық ақпаратты талдаудың негізгі әдістеріне мыналар жатады:

- 1) деректерді бір өлшемдік талдау;
- 2) деректерді екі өлшемдік талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Зерттеу кезеңі: 2018 жылғы қазан-қараша айлары.

II-БӨЛІМ. ЖАСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫНА КӨЗҚАРАСЫ

Мәселелер.

Жастардың осы зерттеудің шеңберінде мемлекеттік жастар саясатына көзқарасы жастардың мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейін талдау, мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттылық дәрежесін қарау және жастардың жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылық дәрежесін анықтау арқылы зерттелді.

Нәтижелер

2.1. Жастардың жастар саясатын іске асыратын жекелеген мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейі және оны бағалау

Осы зерттеудің міндеттерінің бірі жастардың жастар саясатын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдардың қызметі туралы хабардарлық деңгейін анықтау болатын. Жастарға олардың Жастар ресурстық орталықтары, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері департаменті және респонденттердің тұрғылықты өңірлеріндегі жастар саясаты/ішкі саясат мәселелерімен айналысатын Басқармасы сияқты мемлекеттік органдардың жұмысымен қаншалықты таныс екенін көрсету және оларды бағалау ұсынылды. Респонденттердің жауаптарын нақтырақ қарастырып өтсек.

Бағалау үшін ұсынылған Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыратын үш мемлекеттік органның ішінен мемлекет жастарына ***Жастар ресурстық орталықтарының*** жұмысы көбірек таныс. Бұған 2018 жылдың бірінші және екінші жартыжылдық сараптама мәліметтері дәлел. Сөзсіз, бұл жастар ресурстық орталықтарының жұмыс жасау сипаты, жастармен жұмыс жасаудағы толық ашықтығы мен олармен көп жұмыс жасаумен байланысты. ЖРО – ақпараттық және кеңес беру арқылы, өмірлік дағдыларды үйрету, жастар бастамаларын қолдау және жастардың қажеттіліктеріне негізделген жобалар мен бағдарламаларды іске асыру арқылы жастармен тікелей жұмыс жасайтын мемлекеттік ұйым. Осылайша, ЖРО жастардың, оның ішінде әлсіз топтарының қоғамға бірігуі мен әлеуметтенуіне ықпал етеді. Қазіргі кезде жастармен атаулы жұмыс жасайтын жастар ресурстық орталықтарының желісі кеңейді. **Республика бойынша 208 жастар ресурстық орталықтары жұмыс жасайды.**


Бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша сұралғандардың 45,3 %-ы жастар ресурстық орталықтарының жұмыстарымен белгілі бір дәрежеде таныс екендерін атап өтті. Олардың ішінде 6 % өздері хабарласқанын, 20,6 %-ы ЖРО қызметі туралы білетінін айтты, бірақ оған ешқашан жүгінбегенін, 18,8 %-ы ЖРО туралы аздап естіген немесе оқыған айтқан.

Екінші жартыжылдықтың қорытындылары алынған мәліметтердің тұрақтылығын көрсетеді. Көрсеткіштер статистикалық қателіктер шегінде

өзгерді. 41,9 %-ы жастар ресурстық орталықтарының жұмыстарымен белгілі бір дәрежеде таныс, 4,9% өздері хабарласқанын, 15,3%-ы ЖРО қызметі туралы білетінін айтты, бірақ оған ешқашан жүгінбегенін, 21,7 %-ы ЖРО туралы аздап естіген немесе оқығандықтарын айтқан (2.1 суретті қараңыз).

2.1-сурет

«Сіздің ауданыңыздың / қалаңыздың / облысыңыздың Жастар ресурстық орталықтарының (ЖРО) жұмысы туралы Сіз білесіз бе, айтыңызшы?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Сонымен, екінші жартыжылдықта сұралғандардың 4,9%-ы Жастар ресурстық орталықтарына өздері хабарласқан. Көбіне бұл 19-23 жас аралығындағы респонденттер. Олардың арасындағы 6%-ы Жастар ресурстық орталықтарына барған.

Әрбір бесінші адам ЖРО туралы аздап естіген немесе оқыған. Мұндай пікір 19-23 жас (24%) пен 24-28 жас аралықтарында (22,8%) жиі айтылған.

Сұралғандардың жартысынан сәл көбі (52,7%) ЖРО жайлы мүлдем білмейді және жұмысымен тарыс емес. 14-18 жас аралығындағы респонденттердің тобы өз тұрғылықты жері бойынша ЖРО қызметімен аздап болса да хабардар. Олардың арасында 55,3%-ы ЖРО туралы мүлдем естімегендіктерін атап өткен. Жас топтары бойынша бұл аса жоғары көрсеткіш.

Өткен соңғы үш жылдың ішінде (2016 жылдан бастап) ЖРО қызметі туралы білмейтін (естімеген) жас қазақстандықтар санының бір деңгейде сақталып тұрғанын айта кету керек 2016 жылы олар 53,0 %, 2017 жылы – 50,5 %, 2018 жылы – 52,1 % құрады.

ЖРО жүгіну тәжірибесі бар респонденттерге ЖРО қызметінің әртүрлі бағыттарының жұмысын «тиімді - тиімсіз» межелігі бойынша бағалау ұсынылды. Өз тұрғылықты жерлеріндегі Жастар ресурстық орталықтарының барлық қызмет бағыттары бойынша жұмысын бағалаған жастардың саны қанағаттанбайтындар (оны тиімсіз деп бағалағандар) санына 2,5 еседен артық мөлшерге асып кеткен (2.1-кесте).

Атап айтқанда, жастардың бағалауы бойынша, ЖРО-ң қызметі көбінесе жастар арасында жүзеге асырылатын мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар туралы хабардар етіп отыруымен көрініп отыр. Бұл бағытты – 73,1 % сұралғандар тиімді деп бағалады. Өткен жылғы өлшеммен салыстырғанда 3,6 %-ға төмендеу байқалғанмен көрсеткіш аса жоғары болып қалып отыр.

Екінші жартыжылдықта тағы бір тиімді жүзеге асырылып отырған бағыт кеңес беру қызметтері мен жастар бастамалары мен идеяларын қолдау. Есептік кезең бойынша бұл екі бағыт та өз позицияларын күшейтті.

2.1-кесте

«Өтінеміз, Сіздің ауданыңыздың / қалаңыздың / Сіздің облысыңыздың Жастар ресурстық орталықтарының ... саласындағы жұмысына баға беріңіз» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	Тиімді		Тиімсіз	
	1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	1 жартыжылдық	2 жартыжылдық
Жастарға олар үшін іске асырылып жатқан мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалар туралы ақпарат беру	76,7	73,1%	15,8	18,3%
Кеңес беру қызметтерін көрсету	65,0	66,7%	23,3	30,1%
Жастардың өзін-өзі дамытуы үшін ашық кеңістіктерді ұсыну	57,5	55,9%	25,8	29,0%
Өмірлік маңызы бар дағдылар бойынша оқыту тренингтерін ұйымдастыру	67,5	55,4%	24,2	31,5%
Жастардың бастамалары мен идеяларына қолдау көрсету	60,8	65,2%	25,0	22,8%
Мақсатты нақты жобалар мен бағдарламалар шеңберінде мекенжайлық жұмыс жасау	66,7	57,0%	17,5	26,9%

ЖРО-ң респонденттердің бағалауы бойынша салыстырмалы әлсіз тұсы жастардың өзін-өзі дамытуы үшін ашық кеңістіктерді ұсыну, өмірлік маңызы бар дағдылар бойынша оқыту тренингтерін ұйымдастыру мен мақсатты нақты жобалар мен бағдарламалар шеңберінде мекенжайлық жұмыс жасаумен байланысты. Тиімділік көрсеткіштері бірнеше пайызға төмендеді. Дегенмен бұл бағыттар респонденттердің жартысының көбімен қолдау тауып отыр. Егер тиімсіздік көрсеткіштері бірінші жартыжылдықта 15,8% -дан 25,8%, -ға дейін түрленсе, екінші жартыжылдықта 18,3% -дан 31,5%-ға дейін өзгерді. Мүмкін бұл ЖРО жұмысының белсенділік қарқынымен түсіндірілетін шығар.


Мемлекеттік органдар жайлы хабардарлық деңгейін зерттеу мақсатымен респонденттерге келесі сұрақ қойылды: «Сізге қызметі жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің жұмысы таныс па?». Бірінші жартыжылдықта респонденттерге Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Жастар саясаты департаментінің жұмысына қатысты да дәл осындай сұрақ қойылған болатын. Салыстыру үшін бірінші және екінші жартыжылдық мәліметтерін келтіре кетейік.

Екінші жартыжылдық мәліметтері бойынша, сұралғандардың үштен бірінің астамы 34,7% - **Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің жұмысы** жайлы белгілі бір деңгейде біледі екен. Бірінші кварталдағы хабардарлық көрсеткіші 40,4%-ды құрады (2.2 сурет).

Бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда Комитет туралы біліп хабарласқандардың үлесінен 2,2 есе төмен. Комитет туралы естіп оқығандардан 1,1 пайыздық пунктке төмен. Жалпы хабардарлықтың жалпы көрсеткішінің төмендеуі алдымен айтарлықтай емес, екіншіден бұл ребрендинг жағдайын көрсетуі мүмкін.

2.2 -сурет

«Сізге қызметі жастарды қолдау мен дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің жұмысы таныс па?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Мемлекет жастарының 58,7%-ы Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің/ҚР ДАҚМ жастар саясаты департаментінің жұмысы туралы ештеңе білмейді.

Хабардарлық және хабардарсыздық көрсеткіштері тұрақты болып қалып отырғанын атап өтуіміз керек. Салыстыру үшін атап өтейік, 2017 жылы ештеңе білмеймін деп сұралғандардың 58,7%-ы айтқан.

ЖРО жекелеген бағыттарын бағалау сияқты, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің бірнеше бағыттары бойынша қызметінің тиімділігін бағалау ұсынылды (2.2-кестені қараңыз) .

Көріп тұрғанымыздай, жас респонденттер Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің жүзеге асырып отырған жастар саясатының түрлі бағыттарымен жақсы таныс. Оның жұмысының барлық бағыттар бойынша тиімділігін жетерліктей жоғары бағалап отыр – оң бағалардың үлесі 60,3% -дан 75,3%-ға дейін.

«Өтініміз, Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің жұмысына келесі қызмет түрлері ..баға беріңіз» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	Тиімді	Тиімсіз	Білмеймін
Облыстық / қалалық басқармалардың жастар саясатының / ішкі саясаттың мәселелері бойынша жұмысын үйлестіру	61,6	23,3	15,1
Жастар ұйымдарымен өзара әрекеттесу	60,3	27,4	12,3
Ғылыми және әдістемелік әдебиетпен (кітаптармен, әдістемелік құралдармен, кітапшалармен және т.б.) қамтамасыз ету	68,5	21,9	9,6
Ақпараттық - түсіндіру жұмысы (БАҚ-да жариялау, жастармен кездесулер, ақпараттық кампаниялар)	64,4	28,8	6,8
Жастардың еріктілер қызметінің дамуына қолдау көрсету	75,3	16,4	8,2
Жастарға патриоттық тәрбие беру бойынша жұмыс	63,0	24,7	12,3


Аса тиімді бағыттар болып жастардың еріктілер қызметінің дамуына қолдау көрсету (75,3%) және ғылыми және әдістемелік әдебиетпен (кітаптармен, әдістемелік құралдармен, кітапшалармен және т.б.) қамтамасыз ету (68,5%) бағаланды. Мұнымен бірге сұралғандардың айтарлықтай көпшілігі (52,9%) ешқашан еріктілікпен айналыспаған.

Атап өтерлік жайт, тиімділік жұмысын бағалауда жас қазақстандықтардың аталған мемлекеттік органмен қатысу тәжірибесі бар бөлігінің жауаптары есепке алынды, ал қалған жастардың бөлігінің комитет жұмысы туралы ештеңе білмегендіктен оның қызмет ету тиімділігін бағалай алмайтыны анық.

Дәл ұқсас жағдай респонденттердің тұрғылықты аумағы немесе қаласындағы жастар саясатымен айналысатын Басқарма жұмысына деген көзқарастарында байқалады. Бағалау үшін жастар саясаты/ішкі саясат жөніндегі Басқарма, қоғамдық даму істері бойынша Басқарма, отбасы, балалар және жастар ісі жөніндегі Басқарма қызметтері ұсынылды. Жиынтығында, 37,9%-ы хабардар екендіктерін, оның ішінде, 3,9%-ы білетіндіктері мен хабарласқанқандықтарын атап өтті (2.3-сурет). Ештеңе естімегендердің үлесі 54,6%-ды құраса, ал 7,5%-ы жауап беруге қиналған.

2.3-сурет.

«Сіз Сіздің облысыңыздың / сіздің қалаңыздың Жастар саясатының / ішкі саясаттың мәселелері жөніндегі Басқарманың жұмысы туралы не білтініңізді айтыңызшы?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)



2016 жылмен салыстырғанда, өз елді мекеніндегі Жастар саясатының мәселелері жөніндегі Басқарманың жұмысымен мүлде таныс емес жастардың үлесі айтарлықтай жоғарылаған жоқ – 2016 жылғы 53,4 %-дан 2018 жылдың бірінші жарты жылдығында 54,6 % дейін.

ҚР ДИАҚМ Жастар ресурстық орталықтарына және Жастар саясаты департаменттеріне ұқсас, жастар өңірлердегі Жастармен жұмыс жөніндегі Басқармалардың жұмысын бағалау кезінде оң бағалар басым болды – олардың жұмысын тиімді деп бағалағандардың саны оның жұмысына барлық бағыттар бойынша қанағаттанбайтындардың санынан жоғары болды. Оң көзқарастар 60 және одан жоғары пайыздарды құрады.

Осындай Басқармалардың жұмысын жақсы білетін жас респонденттер олардың ұйымдық-тәжірибелік жұмысына (акциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, флэшмобтар өткізу және т.б.), сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру жұмысына (БАҚ-нда жариялау, жастармен кездесулер, ақпараттық кампаниялар) ең жоғары баға берді (2.3-кесте).

2.3-кесте

«Сіздің облысыңыздың / Сіздің қалаңыздың жастар саясаты / ішкі саясат мәселелері жөніндегі Басқарманың жұмысына мына түрлер бойынша . баға беріңіз» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	Тиімді	Тиімсіз	Жауап беруге қиналамын
Ғылыми және әдістемелік әдебиетпен (кітаптармен, әдістемелік құралдармен, кітапшалармен және т.б.) қамтамасыз ету	67,5	27,3	5,2

Ақпараттық - түсіндіру жұмысы (БАҚ-нда жариялау, жастармен кездесулер, ақпараттық кампаниялар)	68,8	24,7	6,5
Ұйымдастыру - тәжірибе жұмысы (акцияларды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді, флэшмобтарды және т.б. өткізу)	68,8	23,4	7,8
Жастардың мақсатты (ауылдық, жұмыссыз, маргиналдық, жұмысшы, студенттік және т.б.) топтарымен жұмыс жасау	61,0	26,0	13
Жастардың жұмысбастылығына қолдау көрсету, жас отбасыларды қолдау және т.б.	61,8	30,3	7,9
Патриоттық тәрбие бойынша жұмыс	67,5	22,1	10,4
Жастармен бейресми кездесулер (базарлардағы, жатақханалардағы, құрылыс алаңдарындағы және т.б. сұхбаттар)	59,7	27,3	13

2.2. Жастарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы ақпараттылық дәрежесі

Қоғам өмірінде жас азаматтардың әлеуметтік белсенділік түрлерінің бірі жастарды қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға қатысу болып табылады. Мемлекет жастарының аталған бағдарламаларды іске асыруға қатысу деңгейі жастардың сол бағдарламалардың мақсаттары, олардың жастардың дамуы үшін ұсынатын мүмкіндіктері және оларға қатысу шарттары туралы ақпараттылық дәрежесіне тікелей байланысты.

Социологиялық сауалнамада ұсынылған және қазақстанда іске асырылатын жастарды қолдау жөніндегі 12 мемлекеттік бағдарламаның ішінен мемлекет жастары үшін «Жастар тәжірибесі», «Болашақ» Халықаралық шәкіртақысы, «Дипломмен – ауылға!», «Жасыл ел», бизнесті дамыту мен қолдаудың бірыңғай бағдарламасы «Бизнестің жол картасы - 2020», Нәтижелі жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы, «Нұрлы жер» тұрғын-үй құрылыс бағдарламасы, «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығы, Серпін-2050, Барлығына арналған ақысыз техникалық және кәсіби білім, Жастар корпусын дамыту проекті, Жастар кадрлық резерві сияқты жобалар ең таныс жобалар болды.

Жалпы, бірінші жартыжылдықтағы хабардарлықтың жиынтық көрсеткіші 25,6% -дан 73,2%-ға өзгерді. Бұл «аздап естідім», «жақсы білемін, бірақ қатыспағанмын» және «білемін, қатыстым» деген жауаптардың қосындысы.

Социологиялық сауалнамада ұсынылған 12 Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан жастарды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың ішінде бірінші жартыжылдықта мемлекет жастарына аса таныс болып «Болашақ» Халықаралық шәкіртақысы (73,2%), «Дипломмен – ауылға!» (72,9%), «Жасыл ел» (71,4%), «Бизнестің жол картасы - 2020» (65,1%), «Нұрлы жер» (64,5%) және «Жастар тәжірибесі» (51,6%) табылды. Барлық алты бағдарлама бойынша олар туралы әртүрлі дәрежеде ақпараттандырылған жастардың саны олар туралы ешқашан естімегендер санынан жоғары болды.

Сауалнамада көрсетілген барлық қалған алты бағдарлама бойынша олар туралы ешқашан естімегендердің саны 50%-н асты (2.4-кесте).

Екінші жартыжылдықта мемлекеттік бағдарламалар жайлы хабардарлықтың көрсеткіштері біршама жоғары болып 35,4% -дан 76,1%-ды құрады. Мұндай бағдарламалар бойынша хабардарлар саны хабардарсыздардың санынан артып тұр: «Болашақ» Халықаралық шәкіртақысы(76,1%), «Дипломмен – ауылға!» (70%), «Жасыл ел» (68,2%), «Нұрлы жер» тұрғын-үй құрылыс бағдарламасы (66,3%), «Бизнестің жол картасы - 2020» (65,5%), «Жастар тәжірибесі» (62,7%), «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығы(62,1%), Серпін-2050 (50,1%).

Салыстырмалы төмен хабардарлық келесі мемлекеттік бағдарламалар бойынша байқалды: Барлығына арналған ақысыз техникалық және кәсіби білім(49,3%), Жастар корпусын дамыту проекті (36,5%), Жастар кадрлық резерві(35,4%), Нәтижелі жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы (48%).

2.4-кесте

«Жастарды қолдау бойынша қандай мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар туралы естідіңіз, олар туралы білесіз бе немесе қатысушысы болдыңыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)

Мемлекеттік бағдарламалар, жастар жобалары	Аздап естігенмін		Жақсы білемін, бірақ қатыспағанмын		Білемін, қатысқанмын		Ештеңе білмеймін, естімегенмін	
	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
«Жастар тәжірибесі»	36,0	38,3	12,3	19,8	3,3	4,6	48,4	37,3
«Дипломмен - ауылға!»	51,9	41,4	19,5	26,0	1,5	2,6	27,1	30,0
«Жасыл Ел»	48,6	38,1	18,2	25,2	4,6	4,9	28,6	31,7
«Бизнестің жол картасы - 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы	47,4	42,5	15,9	21,9	1,8	1,1	34,9	34,5
2017-2021 жылдарға арналған Нәтижелі жұмысбастылық пен жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы	30,8	33,6	9,7	13,7	0,9	0,7	58,7	52,1
«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы	46,1	40,0	17,0	24,7	1,4	1,6	35,6	33,6
«Болашақ» халықаралық шәкіртақысы	53,7	43,9	18,7	31,2	0,8	1,0	26,8	23,9
«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы	36,7	39,6	11,4	21,4	0,8	1,1	51,1	37,9
Серпін-2050	30,3	33,2	9,1	16,0	0,4	0,9	60,2	49,9
Барлығына арналған ақысыз техникалық және кәсіби білім	32,4	32,6	10,7	15,2	1,5	1,5	55,4	50,7

Жастар корпусын дамыту жобасы	17,7	25,8	7,3	10,0	0,6	0,7	74,4	63,5
Жастардың кадрлық резерві	17,9	25,0	7,5	9,8	1,1	0,6	73,5	64,6

Қазақстанның жастарына ең таныс болған мемлекеттік бағдарламалардың «Олар туралы аздап естігенмін» деңгейінде белгілі екенін айта кету керек. Бұл олар туралы шынында да хабардар екенін көрсетпейді. Аталған бағдарламалардың іске асырылуымен жақсы таныс және оған қатысқан жастардың үлесі барлық аталған жобалар бойынша 5% аспайды. Олар «Жастар тәжірибесі» мен «Жасыл Ел». Өз кезегінде бұл қазіргі қазақстандық жастардың оны қолдау жөніндегі жастар саясаттары туралы хабардарлық дәрежесінің аса төмен екенін көрсетеді. Оның салдары мемлекеттің жастарды осы жобаларға қатысуға тарту бойынша жарнамалық - насихаттау жұмысының тиімділігінің төмен болуына және жастардың әлеуметтік белсенділікті көрсету үшін уәждеменің әлсіз болуына алып келді. Жастардың мемлекеттік жастар жобалары туралы хабардарлық деңгейінің мұндай төмен болуының және оларға қатысу деңгейінің өте төмен болуының жастардың барлық үш санаттарына тән екенін айта кету керек.


2.3.Жастардың мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылық дәрежесі

Жастардың мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанушылығы туралы мәселе екі бағытта –мемлекеттік шешуді қажет ететін жастардың нақты мәселелері туралы хабардарлығы жөніндегі жастардың пікірін зерттеу арқылы және «Сіз Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының қалай іске асырылып жатқанына қанағаттанасыз ба?» сауалнама сұрағы арқылы тікелей қаралды.

Мемлекет жастарының пікірі бойынша, мемлекеттік органдардың жалпы жастардың нақты мәселелері туралы түсінігі бар – пікір сұралған жастардың 63,5%-ы «Сөзсіз, осы мәселелер туралы біледі және оларды шешу үшін барлығын жасайды» және «Біледі деуге болады, бірақ жастардың мәселелерін нақты шешпейді» жауаптарының қосындысындаосылай ойлайды.Олардың 25%-ы мемлекеттің жастар мәселелерін шешу үшін барлығын жасап жатқанына сенімді. 38,5 %-ы жастар саясатын іске асыру үшін жауапты мемлекеттік органдардың жастардың мәселелері туралы ақпаратты білетініне қарамастан, дегенмен бұл мәселелер шешіліп жатқан жоқ деп санайды. Әрбір бесінші жас қазақстандық (19,4 %) мемлекет жастар ортасында шешілуіге тиіс мәселелерді толық түсінбейді деп мәлімдеді, ал 7,2 %-ы мемлекеттің жастар мәселелері туралы мүлде білмейтініне сенімді (2.4-сурет).

Айта кетерлік жайт, мемлекеттік органдар жастар ортасының мәселелері туралы біледі деген пікірдегі респонденттер үлесі бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда (68,3% -тен 63,5%) төмендеді.

«Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстандағы мемлекеттік билік органдары жастардың шынайы мәселелері туралы біледі ме?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



Жоғарыда мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін жауапты бірқатар мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалау туралы мәселе бойынша деректерге жасалған талдау келтірілді. Жоғарыда келтірілген кестелерде аталған органдардың түрлі бағыттарының қызметін тиімді деп бағалайтындардың үлесі тиімсіздік көрсеткіштерінен әлдеқайда жоғары екені көрінеді. Ендігі кезекте жастардың Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік жастар саясатына көзқарасы мен қанағаттану деңгейін анықтайтын жалпы сипаттағы сұрақтарға берілген жауаптарды қарастырамыз.

Бірінші және екінші жартыжылдықта сұралғандардың 7,2%-ы «Айтыңызшы, Сіз мемлекеттік жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуына қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа жауап беруге қиналған. Есептік кезеңде бұл саламен таныс емеспін деп жауап бергендердің үлесінен 7,7 пайызға көп.

Қанағаттанатындардың үлесі 2,1 есе жоғары. Жиынтық көрсеткіш 49,7%-ды (1-жартыжылдықта – 61,9%) құрады, оның ішінде 13,3% «толық қанағаттанамын», 36,4% «Қанағаттамын деуге болады» деген жауап нұсқасын таңдаған.

Бұл жастардың, негізінен, жастар саясатын іске асыратын нақты мемлекеттік органдарға қарсылығы жоқтығын білдіруі мүмкін, алайда жалпы жастардың мәселелері толық шешілмеген сияқты. Бұл ретте жастар оларды шешумен кімнің айналысу керектігін анық білмейтіндей көрінеді.


Пікір сұралғандардың 23,1%-ы елімізде мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанбайды – бұл «қанағаттанбаймын дей аламын» және «қанағаттанбаймын» жауаптарының қосындысы.

Бірінші жартыжылдық мәліметтерімен салыстырғанда көрсеткіш болмашы ғана өсті, статистикалық өзгеріс (18,2%) шамасында (2.5-сурет).

Сондай-ақ жауаптардың 17%-ы «қанағаттанбаймын деуге болады», ал 6,1% «қанағаттанбаймын» деген жауаптың үлесіне тигенін атап өту қажет.

2.5-сурет

«Айтыңызшы, Сіз Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатының қалай іске асырылып жатқанына қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



2017 жылы жастар саясатын іске асыратын мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігіне берілген жиынтықбаға 57,5 %-ды, ал тиімсіз деп санайтындардың үлесі 24,8 %-ды құрағанын айта кетейік. Есептік жылы бірінші және екінші жартыжылдықта да теріс пікірлердің бағасы азайып отыр.

Жас шамасының қимасындағы корреляцияларды талдау мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылықтың төмен дәрежесін жоғары жас санатының жастары (24 жастан 28 жасқа дейін) көрсетіп отыр. Бұл тенденция тұрақты. «Қанағаттанбаймын дей аламын» және «Қанағаттанбаймын» жауаптарының жиынтық көрсеткіші бойынша 25,2 %. Кіші жастағы топта бұл көрсеткіш 20 % тең болса, орта жастағы топта ол – 23,3% құрады. Мемлекеттің жастар саласындағы саясатына қанағаттанушылық дәрежесінің төмендеуіне жасы жоғарылаған жастардың шешімін табумен мемлекет айналысуға тиісті болып саналатын үлкен әлеуметтік мәселелер көлемінің ұлғаюы себеп болып отыр. Мұндай мәселерге кіші санаттағы жастар сирек тап болады. Олардың арасында жұмыспен қамту, тұрғын үй және білім алу мәселелері ерекше өзекті.

Мемлекеттік жастар саясатына қанағаттанушылық дәрежесіне берілген баға жас қазақстандықтардың этникалық қатыстылығына қарай өзгеріп тұрады. Мысалы, оның дәрежесі әсіресе қазақтар арасында ең жоғары болып табылады - «Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанамын дей аламын» жауаптарының қосындысында 53,8% құрайды, ал орыстар мен басқа ұлттар арасында аздап төмен болып табылады – 40,5% және 40,4% , қанағаттанбаушылық көрсеткіші мұнда 22,4% дан 25,6%-ға дейін өзгерді. Респонденттердің «мемлекеттік жастар саясаты жайлы ештеңе білмеймін»

деген жауаптары назар аударарлық. Егер қазақтар арасында бұл нұсқаны 17,4 % таңдаса, орыс этникалық тобы өкілдерінің арасында - 27,2 %-ды, басқа ұлттар арасында – 23,8%-ды құрады. Өз кезегінде бұл көрсеткіш орыс ұлтты жастарының мемлекеттің жастар саласындағы саясатқа қызығушылық білдіруге және оның жобаларына қатысуға ынталандыру деңгейінің төмен болып табылатынын дәлелдеуі мүмкін.

Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар :

1. Мемлекет жастарының 63,5 %-ның пікірінше, мемлекеттік органдар жалпы жастардың шынайы мәселелері туралы хабардар. Мемлекеттік органдар жастардың шынайы мәселелері туралы біледі деген пікірді сенімді түрде ұстанатындар үлесінің жоғарылығына қарамастан, олардың 40% жуығы мемлекеттік органдар жастар мәселелерін шынайы түрде шешпейді деп топшылайды.

2. Сонымен бірге, әрбір екінші сұралған адам Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының іске асырылуына қанағаттанады. Қанағаттанбайтыны 23,1%. Жастардың әрбір бесінші өкілі Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатының іске асырылу барысы туралы хабарсыз.

3. Мемлекет жастарына Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы көбірек таныс, 2018 жылдың бірінші және екінші жартыжылдықтарының мәліметтері меңзейді – жастар ресурстық орталықтары туралы 40%-дан астамы біледі, хабарласқан немесе естіп оқыған.

4. Жалпы, соңғы үш жылдың ішінде (2016 жылдан бастап) ЖРО қызметі туралы ештеңе білмейтін (естімеген) жас қазақстандықтардың саны бір деңгейде сақталады – 2016 жылы ол 53%, 2017 жылы – 50,5%, 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында – 52,1 %-ы құрады.

5. Екінші жартыжылдықта сұралғандардың 4,9%-ы ЖРО хабарласқан, олардың дені 14-18 жастағылар. Өз тұрғылықты жерлеріндегі Жастар ресурстық орталықтарының жұмысымен 14-18 жастағы респонденттер аз хабардар, олардың арасында ЖРО жұмысы туралы білетіндердің үлесі жоғары.

6. ЖРО жұмысы туралы білетіндер негізінен олардың жұмысына қанағаттанады. Сауалнамада қарастырылған ЖРО қызметтерінің барлық бағыттары бойынша қанағаттанатындардың үлесі қанағаттанбайтындардың үлесінен 2 есе артық. Жастардың бағалауы бойынша ЖРО-ң аса табысты қызметі - жүзеге асырылып отырған мемлекеттік бағдарламалар туралы жастарды хабардар етіп отыруымен байланысты. Бұл бағытты сұралғандардың 73,1%-ы тиімді деп атап отыр. Екінші жартыжылдықтағы тағы бір тиімді бағыттар кеңес беру қызметтері мен жастар бастамалары мен идеяларын қолдау. Есептік кезеңде екі бағыт та өз позицияларын күшейтті.

7. Сұралғандардың 34,7% -ы Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің жұмысы жайлы белгілі бір деңгейде біледі. Мемлекет жастарының 58,7% -ы Комитет жұмысымен таныс емес, 6,7% жауап беруге қиналған. Министрліктегі қалыптасқан

ребрендингке қарамастан хабардарлық және хабарсыздық көрсеткіштері тұрақты қалып отыр. 2017 жылы Комитет/Департамент жұмысы туралы 59,3% сұралғандар білмеді.

8. Жас респонденттер Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің жастар және отбасы істері комитетінің жүзеге асырып отырған жастар саясатының түрлі бағыттарымен жақсы таныс. Оның жұмысының барлық бағыттар бойынша тиімділігін жетерліктей жоғары бағалап отыр – оң бағалардың үлесі 60,3% -дан 75,3%-ға дейін. Аса тиімді бағыттар болып жастардың еріктілер қызметінің дамуына қолдау көрсету (75,3%) және ғылыми және әдістемелік әдебиетпен (кітаптармен, әдістемелік құралдармен, кітапшалармен және т.б.) қамтамасыз ету (68,5%) бағаланды.

9. Сұралғандардыңайтарлықтай көпшілігі (52,9%)еріктілікпен айналыспаған.19,2%-ң тәжірибесі бар, сұралғандардың 28% еріктілік жөнінде ештеңе естімеген.

10. 37,9%-ы ішкі және жастар саясаты жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың жұмысымен таныс. Ештеңе естімегендердің үлесі 54,6%-ды құраса, ал 7,5%-ы жауап беруге қиналған.Комитет жұмысына қанағаттанушылық жалпы жастар саясаты саласындағы жағдайға басым көпшілігінің қанағаттанушылығын көрсетеді. Өңірлердегі жастармен жұмыс жөніндегі Басқармалардың жұмысын бағалау кезінде оң бағалар басым болды – олардың жұмысын тиімді деп бағалағандардың саны оның жұмысына барлық бағыттар бойынша қанағаттанбайтындардың санынан жоғары болды. Оң көзқарастар 60 және одан жоғары пайыздарды құрады. Көбінесе бұл ұйымдық-тәжірибелікжәне ақпараттық-түсіндіру жұмысына қатысты. Бұл екі бағыт 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында да басым болды.

11. Мемлекет жастарының мемлекеттік жастар саясатын іске асыратын органдар қызметі туралы хабардарлық көрсеткіштерін ескере отырып оқу мекемелерінің барлық оқу деңгейлерінің оқу бағдарламаларына факультатив түрінде «Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясаты» пәнін енгізу ұсынылады. әр буындағы жастарды ұйымдар қызметіне араласу мүмкіндіктерімен, жастар жобаларын іске асыруға қатысудың артықшылықтарымен таныстыруға бағытталған тақырыптық сыныптық (тәлімгерлік) сағаттар өткізу ұсынылады.

12. Мемлекеттік жастар саясаты туралы ақпараттылық деңгейіндегі және оған әртүрлі жастар топтарындағы қанағаттанушылық дәрежесіндегі айырмашылықтарды ескере отырып, оны іске асыруға қатысуға ынталандыруды арттыру мақсатында мемлекеттік жастар саясаты туралы таныстыру шараларына әртүрлі жастағы, этникалық қатыстылықтағы жастарды тарту, жұмыссыз жастарды, NEET санатындағы жастарды жұмылдыру ұсынылады.

13. Мемлекеттік органдар жастар мәселелерін білмейді немесе олардың мәселелерін шешпейді деп топшылайтын адамдардың үлесін азайту үшін жастар мәселелерін талқылау және шешуде жергілікті атқарушы органдардың жауаптылығын арттыру мақсатында халықпен кері байланыс құралдарын күшейту керек.

14. ЖРО қызметінде жергілікті жастардың қажеттіліктері мен қажеттіліктерін анықтау, нақты жобалар мен бағдарламалар шеңберінде мақсатты топтармен жұмыс жүргізу мен оларға өмірлік маңызды дағдыларға үйрететін тренингтер ұйымдастыру, жастардың өздігінен дамуы үшін ашық кеңістіктермен қамтамасыз етумен байланысты жұмысты талдау тиіс.

III БӨЛІМ. ЖАСТАР ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ» ЖОЛДАУЫ ЖАЙЫНДА

Мәселелер.

2018 жылдың күзінің маңызды оқиғаларының бірі болып Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2018ж. 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауы табылды. Жолдауда жастар саясаты мәселелеріне ерекше назар аударылды. 2019 жыл Жастар жылы болып жарияланды. Елбасы атап өтті: «Отбасы институты мен жастарды кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдылығына айналуы тиіс».

Нәтижелер.

3.1. Қазақстан жастарының Президенттің қазақстан халқына «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауы туралы хабардарлығы

Сауалнама кезінде сұралғандардың 71,8%-ы Жолдаумен таныс екендіктерін атап өтті. Негізгі ақпарат көзі теледидар: сұралғандардың 23,1%-ы Жолдауды тікелей эфирден көргендіктерін атап өтті. Респонденттердің 17,7%-ы үшін ақпарат көзі интернет желісі: 5,3% интернет желісіндегі трансляцияны көрген, қалғандары Жолдау мазмұнымен интернеттен танысқан.

3.1- кесте

«Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына 2018ж. 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жолдауымен таныссыз ба?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)

	Мемлекет бойынша орташа көрсеткіштер	Жас топтары		
		14-18	19-23	24-28
Ия, оны теледидардан тікелей тыңдадым	23,1	17,6	24,5	25,9
Ия, оны радиодан тікелей тыңдадым	2,0	1,6	1,7	2,5
Ия, интернеттегі тікелей трансляциясын көрдім	5,3	4,5	5,5	5,7
Ия, интернеттегі мәтіндік трансляциясын көрдім	4,2	2,9	5,5	4,1
Ия, эфирден кейін Жолдаудың мәтінін газеттен оқыдым	2,8	3,1	4,1	1,5
Ия, эфирден кейін Жолдаудың мәтінін интернеттен оқыдым	8,2	6,9	7,8	9,4
Жолдау туралы аздап естідім, бірақ мазмұнымен таныс емеспін	26,2	24,7	25,7	27,6
Бұл туралы ештеңе естімедім	22,3	28,7	21,1%	18,6
Білмеймін	5,9	10,0	4,1%	4,8

Хабардарлыққа қарамастан 26,2% Жолдау мазмұнымен таныс емес екендіктерін атап өтті. Сауалнама кезіндегі жауап беруге қиналғандар мен Жолдау туралы ештеңе естімегендерді есептей отырып жастардың әрбір екінші өкілі елдің маңызды саяси оқиғаларына қызықпайды және жастар саласына қатысты соңғы жаңалықтарды білмейдідеген қорытынды шығаруға болады. Ең алдымен бұл 14-18 жастағыларға қатысты. Олардың арасында 36,6% Жолдау мазмұнымен таныс: трансляциясын көрген немесе мәтінін оқыған. 19-23 пен 24-28 жас аралығында бұл көрсеткіш 49%-ға тең.

Хабардарлық деңгейі сондай-ақ этникалық белгіге де тәуелді – жоғары деңгейде қазақтар (49,1%), басқа этникалық топтардың өкілдері төмен деңгейде (33,8%) хабардар. Орыстар арасында Жолдау мазмұнымен 38,8% таныс.

Қала-ауыл және гендерлік белгі бойынша мәнді ерекшеліктер байқалмайды.

Қазақстан Президентінің халыққа жолдаған жолдауында жастарды ең алдымен, тұрғын үйге қолжетімділіктің жоғарылауы, білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу мен жемқорлықпен күреспен байланысты үш пунктті қызықтырды. Тұрғын үй мәселесінің жеткіліксіздігі респонденттердің жас мөлшеріне қарай күшееді. Тұрғын-үй қолжетімділігі бойынша шараларды күшейтуді 14-18 жастағыларарасында 14,5%, 19-23 жастағылар 23%, 24-28 жастағылар арасында 32,5 % атап өткен.


Жастардың естияр бөлігі жоғары деңгейде келесі жайттарды қолдады: шағын және орта бизнесті, соның ішінде жастар кәсіпкерлігін қолдау мен жемқорлықпен күрес.

Біздің көзқарасымызша, 24-28 жастағылар жаппай кәсіпкерліктің дамуына жоғары деңгейде қатысуға дайын. Олардың арасында ШОБ қолдаймын деп 18,6%, ал 19-23 жастағыларда 13,5% және 14-18 жастағыларда 7,8% атап өтті. Жемқорлықпен күресті маңызды шаралар қатарына жатқызғандар: 24-28 жастағылар арасында 23,8%, 19-23 жаста 20,6%, 14-18 жаста 17,6%.

Білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу жаңалығын қуана қабылдағандар 19-23 жас аралығындағылар болды 24,8%.

Мектеп жасындағылар мен студент жастар әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен әріптестікті дамытудың мәні мен мемлекеттік мектептерге Назарбаев Интеллектуалды Мектептерінің оқыту жүйесінің ендірілуін ерекше атап өткен.

«Сіз Жастардың өмірлерін жақсартудың Президенттің Жолдауда айтып өткен қай шараларын ең маңызды деп санайсыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Келесі жылдың Жастар жылы болып жариялануы тек алтыншы орында тұр. Бұл жайтқа қызығушылықтың әлсіздігі ең алдымен, жастардың өздерінің не күтетіндіктерінің нақты көрінісінің болмауы мен Жастар жылын өткізудің нақты шаралары туралы БАҚ пен әлеуметтік желілерде ақпараттың жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін деп болжауға болады. Жастар жылының идеяларын жоспарлау және жүзеге асыру кезінде осы тармақтың алдындағы бестікке назар аудару керек.

3.2. Жастардың Жолдауды жүзеге асыруға дайындығы

Респонденттердің пікірі бойынша, Жолдауды жүзеге асыру Президенттің бақылауында тиімді болуы мүмкін. Бұл пікірді жастардың 23,6% -ы ұстанады.

Бұл көзқарас гендерлік қатынасқа қарамастан әртүрлі жастағы қалалық жастармен бірдей бөлінеді.

Жолдауды жүзеге асырудағы басқа да маңызды институттар - Үкімет пен Парламент. Бұл көзқарас көбінесе 19-23 жас (17,9%) пен 24-28 жас (19%) аралығындағы респонденттерге тән. Респонденттердің 10,3% -ы әкімдердің жауапкершілігін атап өтті. Әріқарай, мемлекеттік қызметкерлерге орын беріледі. Сонымен, жастар Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында айтылған шараларды жүзеге асыруға жауапты ретінде мемлекеттік биліктің түрлі деңгейдегі өкілдерін осылайша қарастырады.

3.2-сурет

«Қалай ойлайсыз, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018ж. 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында жазылған шараларды жүзеге асыруға кім жауапты болуға тиіс?» сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Жастар БАҚ, жоғары оқу орындары мен басқа қоғамдық институттардың рөлін аса төмен көрсетеді. «Президент жолдауын жүзеге асыруда жастардың өзі қозғаушы күш болуы керек» деген жауап нұсқасын сұралғандардың 3,4% -ы таңдады.

Сұрау барысында жастарға «Айтыңызшы, Елбасының Жолдауда ұсынған шараларды жүзеге асыру үшін Сіз нақты не жасай аласыз?»- деген қосымша сұрақ қойылған болатын. Алынған мәліметтерге сәйкес, жастар өз рөлі мен үлесін заңға бағынып, өзінің кәсібилігі дамытудан, білім деңгейін

көтере отырып, адамгершілік нормаларын сақтаудан көреді. 17,7%-ы адал, әділетті және жауапты болуды маңызды деп санаса, 16,2%-ы жемқорлықпен күресуді маңызды орынға қойған.

3.3-сурет

«Айтыңызшы, Елбасының 2018ж. 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында жазылған шараларды жүзеге асыру үшін Сіз нақты не жасай аласыз?»-сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Жастардың басым көпшілігі Елбасының 2018ж. 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауымен таныс. Жиынтығында, сұралғандардың 71,8%-ы Жолдаумен таныс екендігін атап өтті, алайда олардың 26,2%-ы ғана Жолдау жайлы есіткен, бірақ мазмұнымен таныспаған.

2. Жолдаумен танысудың басты ақпарат көздер теледидар мен интернет желісі. Жастар тарапынан Жолдауға деген қызығушылықтың болуы сол, сұралғандардың 30,4% Жолдауды тікелей эфирде теледидардан, интернеттен көріп, радиодан тыңдаған.

3. Жолдау туралы естіп, бірақ оның мазмұнымен таныспағандарды есепке алғанда сұралғандардың жартысына дерлігі Жолдаумен таныс емес. Бұл жастардың елдегі саяси оқиғаларға енжар қарайтынын көрсетеді,

әсіресе, бұл тинейджерлерге (14-18 лет), орыс жастарының өкілдері (38,8%) мен басқа этникалық топтарға қатысты.

4. Жастардың естияр бөлігі тұрғын-үй мәселесімен, ШОБ қолдау және жемқорлықпен күреспен байланысты жайттарды аса жоғарыдеңгейде атап өтті.

5. Жастардың пікірлері бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында айтылған шаралардың жүзеге асырылуына негізі орында мемлекеттік биліктің өкілдері – Президенттен бастап қатардағы мемлекеттік қызметкерге дейін жауапты. Жастар БАҚ, жоғары оқу орындары мен басқа қоғамдық институттардың рөлін аса төмен көрсетеді. «Президент жолдауын жүзеге асыруда жастардың өзі қозғаушы күш болуы керек» деген жауап нұсқасын сұралғандардың 3,4% -ы таңдады.

6. Жастар Жолдауды жүзеге асыруға өз үлестерін өз «сапаларын» көтеруден көреді, ол – заңды бұзбау, жемқорлыққа қарсы тұру, кәсібилікті жоғарылатып білім деңгейін көтеру.

7. Қазақстан Президентінің халыққа жолдаған жолдауында жастарды ең алдымен, тұрғын үйге қолжетімділіктің жоғарылауы, білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу мен жемқорлықпен күрес, шағын және орта бизнесті қолдау, әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерімен әріптестікті дамыту. Жастар жылы бұл мәселелердің күн тәртібіне қойылуы қазақстан жастарымен оң қабақпен қабылданатын болар деп болжаймыз.

8. Жаппай кәсіпкерлікті дамыту 24-28 жастағы респонденттер арасында кең етек алды. Бұл топпен мақсатты бағытталған, ақпараттық жұмыс жұмыссыз жүргендердің кәсіпкерлік саласына «шығуына» септігін тигізуі мүмкін.

IV. БӨЛІМ. ӨМІРГЕ ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мәселе.

Өмірге қанағаттанушылық бұл адамның әлеуметтік хал-жайын өлшейтін өлшемдердің бірі. Оның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру дәрежесі, әлеуметтік жағдайлардың қолайлылық деңгейі, айналасындағы әлем туралы өз тәжірибесінен туындайтын субъективті пікірі болып табылады. Жастардың өміріне қанағаттанушылық дәрежесі оның әлеуметтік белсенділік деңгейіне, мемлекет саясатына көзқарасына әсер етеді, сондай-ақ оның наразылық әлеуетінің деңгейін тікелей анықтайды. Осы зерттеудің шеңберінде жастардың қанағаттанушылығы жастардың жекелеген өмір аспектілеріне, оған қоса білім беру сапасына, бос уақыттың өткізілуіне қанағаттанушылығы, тұрғылықты жерлерінде өзекті мәселелердің болуы, сондай-ақ жұмыспен қамту саласындағы қиындықтардың анықталуы арқылы зерттелді.

Нәтижелері.

4.1. Жастардың өмірдің жекелеген аспектілеріне қанағаттанушылығы

Жастардың өз өмірлерінің түрлі жақтарына қанағаттануы келесі бағыттар бойынша бағаланды: отбасының материалдық жағдайы, жұмыс пен жұмысқа орналасу мүмкіндігі, бос уақыттың өткізілу сапасы, дене денсаулық жағдайы, тұрғылықты жер бойынша медициналық қызмет, тұрғылықты жердің экологиялық жағдайы, тұрмыс жағдайлары, алынған және алынып жатқан білім, жеке қауіпсіздікті сақтау, айналадағылармен қатынас, соның ішінде, отбасы, достар мен әріптестермен қарым-қатынас (4.1- кестені қараңыз).

Өмірлерінің барлық жағын алғанда жастар **айналасындағы адамдармен** (отбасымен, достарымен, әріптестерімен) қарым-қатынастар (90,6%-ы толығымен және соған жақын қанағаттанады) және **өз денсаулығының күйі** (81,8 %) сияқты салаларға көбірек қанағаттанады. Бұл екі сала бірінші жартыжылдықта да бірінші орындарда болған. Бірінші және екінші жартыжылдықтың бестігіне отбасының материалдық жағдайына қанағаттану, білім сапасы мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасы кіреді.

Өткен жылғы өлшеммен салыстырғанда есептік кезеңде барлық қарастырылған салалар бойынша қанағаттанушылық көрсеткіштері өсті. Бұл аса жоғары көрсеткіштер бестігіне кірмеген салаларға да қатысты.

Мәселе салалар 1,3% тен 13,4% қамтиды. Бірінші жартыжылдықта көрсеткіштер жоғары (2,4% тен 19% дейін) болғанын атап өтейік. Аса мәселелі салаларға экологиялық жағдаймен, медициналық қызмет көрсету мен жұмысбастылықпен байланысты мәселелер жатқызылды.

Екінші жартыжылдықтың мәліметтері қауіптің біршама сейілгенін көрсетеді. Сонымен, экология мәселелерін 1,4 есе, медициналық қызмет көрсету мен жұмысбастылықты 1,3 есе аз атады.

4.1- кесте

«Өтінеміз, Сіздің өз өміріңіздің төмендегі жақтарына қанағатты қанағаттанатыныңызды бес балдық межелікпен бағалаңыз», («толығымен қанағаттанамын» және «мүлде қанағаттанбаймын» жауап нұсқаларын таңдап алғандар, %-бен)

№	Өмірлік салалар	Қанағаттанамын (4 және 5 балл)		Бір жағынан қанағаттанамын бір жағынан жоқ (3 балл)		Қанағаттанбаймын (1 және 2 балл)	
		1-жарты- жылдық	2-жарты- жылдық	1-жарты- жылдық	2- жарты- жылдық	1-жарты- жылдық	2-жарты- жылдық
1	Отбасының материалдық жағдайы	73,3	76,9	18,2	17,9	7,0	4,5
2	Жұмыс / жұмысқа орналасу мүмкіндіктері	54,2	56,8	21,1	22,8	14,7	11,7
3	Бос уақытты өткізу сапасы	61,8	63,8	24,7	24,7	9,7	9,2
4	Өз денсаулығының күйі	76,2	81,8	16,1	14,9	5,6	2,6
5	Қаладағы / ауылдағы медициналық қызмет көрсету	55,1	60,0	25,4	25,2	15,1	11,7
6	Қаладағы / ауылдағы экологиялық жағдайы	56,5	60,9	21,1	24,4	19,0	13,4
7	Тұрғын үй жағдайлары	68,3	75,0	18,8	17,3	10,1	7,0
8	Алынған / алынып жатқан білім	73,6	78,3	17,4	15,0	5,2	5,2
9	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасы	72,6	77,5	16,7	15,0	6,1	5,6
10	Айналасындағы адамдармен (отбасымен, достарымен, әріптестерімен) қарым-қатынастары	86,3	90,6	8,4	7,3	2,4	1,3

4.2. Жастардың тұрғылықты жерлеріндегі өзекті мәселелері

Жастардың әлеуметтік хал-жайының өлшемдерінің бірі тұрғылықты жерлердегі басты мәселелерді айқындау және олардың өзектілік дәрежесін анықтау болып табылады. Оны анықтау үшін респонденттерге: «Төмендегі келтірілген мәселелердің ішіндегі қайсысы Сізді және Сіздің отбасыңызды қатты мазалайды?»- деген сұрақ қойылды. Алынған жауаптар жастар үшін әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелер бірінші кезектегі мәселелер болып қалып отырғанын көрсетті. Алғашқы бестікке азық-түлік өнімдері мен халық тұтынатын тауарларға жоғары бағалар (49,7 %); табыс деңгейінің төмендігі (44,1%); жоғары білімнің қолжетімсіздігі (қымбаттығы) (34,9%); жұмыс іздеудегі қиындықтар, жұмыссыздық (27,6%); жеке баспананың болмауы (18,7%), 4.2 – кестені қараңыз).

«Төмендегі келтірілген мәселелердің ішіндегі қайсысы Сізді және Сіздің отбасыңызды қатты мазалайды?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %-бен)

	%
Азық-түлік тауарларына, халық тұтынатын тауарларға жоғары бағалар	49,7%
Табыс деңгейінің төмендігі	44,1%
Жоғары білімнің қол жетімсіздігі (қымбаттығы)	34,9%
Жұмысқа орналасу қиындығы, жұмыссыздық	27,6%
Жеке баспананың болмауы	18,7%
Жемқорлық	14,9%
Медициналық қызмет сапасының төмендігі	14,5%
Жастар мәдениетінің төмендігі, рухсыздығы	12,1%
Ертеңгі күнге сенімділіктің болмауы	11,9%
Экологиялық мәселелер	10,7%
Жастардың бос уақыт өткізуіне байланысты мәселелер, бос уақыт өткізу орындарының болмауы	10,5%
Нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік және темекі тарту	9,0%
Жастар ортасындағы діни экстремизм	7,5%
Жеке өмірінің ретке келтірілмегендігі	7,4%
Білім сапасының төмендігі	6,7%
Жастардың қылмыстық топтарға енуі	6,2%
Жоғары жылдамдықты Ғаламторды, сапалы ұялы байланысты пайдалану мүмкіндігінің болмауы	5,2%
Жеке қауіпсіздігіне қауіптің төнуі	5,1%
Ата-аналарымен / оқытушыларымен / аға буынмен жанжалдар, туыстары мен жақындарының түсінбеуі	4,9%
Денсаулық мәселесі, тез шаршау, дәрменсіздік	4,7%
Мектепке дейінгі және қосымша тәрбие беру орталықтарының жеткіліксіздігі	4,3%
Білмеймін	2,3%
Әлеуметтік және психологиялық қызметтердің, сенім телефондарының болмауы	1,2%
Ешқандай мәселемазаламайды	0,6%
Басқа	0,4%
Тұрмыстық жағдайлар	0,2%
Отбасындағы бірнеше несиелер	0,1%
Сабақ кестесі көңілімнен шықпайды	0,1%

Екінші топтағы мәселелер жемқорлықтан басталады. Осы топқа Медициналық қызмет сапасының төмендігі, жастар мәдениетінің төмендігі, экологиялық мәселелермен жастардың бос уақыт өткізүмәселелері, сонда-ақ, ертеңгі күнге сенімділіктің болмауы кіреді.

Егер 2017 жылы өткізілген социологиялық зерттеулердің мәліметтерін назарға алатын болсақ, еліміздің жастары үшін ең өзекті мәселелер бестігінің өзгермегенін байқауға болады.

Жас шамалары қимасында корреляцияларға жасалған талдау топ-10 өзекті мәселелер барлық жас топтарына ортақ екенін көрсетті. Сауалнама шарттары бойынша респонденттер барлық тізімнен төртке дейін жауап нұсқаларын таңдай алатын еді. 14-18 жастағылар тобында жауаптардың орташа саны 2,9, 19-23 жастағыларда 3,1, 24-28 жастағыларда 3,3 құрады.

Барлық жас топтарындағы мәселелер қатарының ұқсастығына қарамастан, **әлеуметтік-экономикалық мәселелерді 24-28 жастағы респонденттер жиі атайды.** Ал, азық-түлік тауарларына, халық тұтынатын тауарларға жоғары бағалар мәселесі **24-28 жастағылар арасында 54,6%-ы** құраған. 19-23 жастағыларда 48,8 %, 14-18 жастағыларда 43,9 %. **Табыс деңгейінің төмендігі 51,3%** естияр жастар тобын, 43,4% – орта және 34,6% кіші жастағыларды мазалайды. **Жұмысқа орналасу қиындығы, жұмыссыздық 29,7% 24-28 жастағы респонденттерді толғандырады.** 14-18 жас пен 19-23 жас аралығындағы көрсеткіштер тиісінше, 29,5% бен 20,5%-ы құрады. Жеке баспананың болмауы мәселесін 14-18 жастағылардың – 9,5%-ы атаса, 19-23 пен 24-28 жас аралығындағылар баспана мәселесін тиісінше, 21,9% пен 22,9% атап өткен.

Сонымен бірге, 14-18 жастағы респонденттердің басқа топтарға қарағанда жиі атаған мәселелерін бөліп көрсетейік. Ең алдымен, бұл жоғары білім қолжетімсіздігі (қымбатығы) оны 41% атап өткен. Бұл қатарда сондай-ақ, жастардың бос уақыт өткізуін, жастар ортасындағы ықпалдылықты, жастардың қылмыстық топтарға енуін, жеке қауіпсіздікке төнетін қауіпті, ата-аналарымен, оқытушыларымен, аға буынмен жанжалдар, туыстары мен жақындарының түсінбеуін, жоғары жылдамдықты Ғаламторды, сапалы ұялы байланысты пайдалану мүмкіндігінің болмауын қосуға болады

Әріқарай жастар саласындағы жекелеген мәселелерді нақтырақ қарастырамыз.

4.3. Жастадың жұмыс пен қамту саласындағы мәселелері

Жоғарыда біз жұмыспен қамту мәселесі 27,6%, онда да 19 жастан асқан жастарды мазалайтынын айтып өткенбіз. Бұл түсінікті де. Жұмыс іздеу мен жұмыспен қамтылу – кімнің жауапкершілігінде? Ізденушілердің өзінікі ме әлде мемлекеттің міндеті ме? Жастардың көзқарастары мен ұстанымдарын зерттеу үшін сауалнамаға келесі сұрақ қосылған болатын: «Сіз қалай ойлайсыз, мемлекет оқу орындарының тәлімдерін жұмысқа орналастыруға қалай қатысуы керек? Респонденттердің жауаптарынан байқағанымыз, жастар арасында жастарға жұмысқа орналасуға мемлекет көмектесуі керек деген пікір басым (4.1-суретті қараңыз).

Дәлірек айтқанда: 44,6% Мемлекет бастапқы жұмыс орынмен қамтамасыз етуге кепілдік беруі керек деп санайды. Мұндай пікір барлық жастық және этникалық топтарда басым.

«Сіз қалай ойлайсыз, мемлекет оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыруға қалай қатысуы керек?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, %-бен)



Дегенмен де топтар арасындағы айырмашылықтар байқалады. 14-18 жастағыларда бұл тұжырыммен 39,6% сұралғандар келіседі. 19-23 жастағыларда 44,3%. Аса жоғары көрсеткіш **24-28 жастағыларда – 48,5%**. Қазақтар арасында бұған 42,2%, ал орыстарда 48,3%, басқа этникалық топтарда 53,4% назар аударады.

Сұралғандардың 30,8%-ы мемлекет **түлектердің қалауы** бойынша жұмыс іздеуде қолдау көрсету керек деп санайды. Бұл тұжырым белгілі бір деңгейде түрлі жас топтарының пікірін білдіреді. Дегенмен бұл пікір 14-18 жастағылар арасында (33%), орыстар (32,8%) мен ауылдықтарда (32,8%) басым.

Мемлекет тек мемлекеттік құрылымдардағы жұмыс орындарға кепілдік беруі керек – бұл пікірді сұралғандардың 15,4%-ы ұстанады. Мемлекеттік құрылымдарға жұмысқа орналасу ауылдық жастар 16,9% мен 19-дан жоғары жастағылар 16,3% үшін қызықты.

«Мемлекет оған араласпау керек» деген пікірді 4,2%, таңдап, 4,8% жауап беруге қиналған. Қалғандары белгілі бір деңгейде мемлекеттік органдар көмегіне жүгінеді.

Алынған мәліметтерге сәйкес, жастардың 46,3 %-ы еңбек нарығында күрделі мәселелерге ұшырайды, үнемі жұмыспен қамту мәселелеріне тап болады. Жастардың тағы 31,4 %-ы өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуда қиындықтарға жолығады, яғни қазақстандық жастар үшін «дипломды жұмыссыздық» деп аталатын мәселенің жоғары өзектілігін растайды. Сұралғандардың тек 6,3%-ы «Менің қаламның / ауылымның жастарында жұмысқа орналасуға байланысты мәселелері жоқ» жауап

нұсқасын таңдап алып, жұмыспен қамту саласында ешқандай мәселелерінің жоқтығын көрсетті (4.2-сурет).

Мәліметтер көбінесе жұмыспен қамту мәселелеріне 24 жастан 28 жасқа дейінгі жастардың тап болатынын көрсетті. Оны осы жас санатының оқу орнын аяқтаған соң белсенді түрде жұмыс істейтіндер қатарына жататынымен оңай түсіндіруге болады. Жалпы, жұмыспен қамту проблемелары 19-23 және 24-28 жастағыларды жиі алаңдатады.

Жұмыспен қамту мәселелеріне жастар үнемі тап болады деген пікірді 19-23 жастағылардың 47,5%-ы, 24-28 жасқа дейінгі жастардың 54,2%-атап өтті. Салыстыру үшін: 14-18 жастағыларда бұл мәселені 21,9%-ы атады. Бұл мәселе ауыл жастарын көбірек толғандырады.

Жастар өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасуда қиындықтар көреді, ал кәсіби дағдыларды қажет етпейтін жұмысты табу қиын емес деген пікірді 19 жастан асқан респонденттер арасында 35%, ал 14-18 жас арасында 21,9% атап өтті. Диплом бойынша жұмыссыздыққа көбінесе қала жастары нұсқап отыр. Салыстыру үшін төмендегі суретте бірінші жартыжылдықтың да мәліметтері келтірілген. Жалпы жағдай өзгеріссіз қалып отыр.

4.2-сурет

«Қалай ойлайсыз, Сіздің қалаңыздың / ауылыңыздың жастары жұмыс іздеумен және жұмысқа орналасумен байланысты қиындықтарға тап бола ма?» сұрағына жауаптардың үлестірілуі, (%-бен)




Жоғарыдағы жастар арасындағы патернализм, 19 жастан асқан респонденттердің жұмыспен қамту мәселелерін өзекті етуі сауалнаманың «Сіз жұмыссыз қалған жағдайда Сіздің пікіріңіз бойынша өзіңізге лайықты жұмысты қаншалықты тез таба аласыз?» сұрағына респонденттердің берген жауаптарымен түсіндіріледі. Жастардың айтарлықтай бөлігі мұндай қажеттілік туындағанда жұмыс іздеп табуларына сенімсіз. Олар бұл сұраққа

жауап берерде өз тәжірибелері мен жақын маңындағылардың тәжірибелеріне сүйене айтып отырулары әбден мүмкін. Оның үстіне, жұмыспен қамту мәселесі бес аса маңызды мәселелер қатарына кіріп тұр.

Сонымен, жастардың басым бөлігінің пікіріне сәйкес, қажет болған жағдайда жұмысты іздеу кезінде олардың белгілі бір, соның ішінде жасына байланысты қиындықтары туындайды. Пікір сұралған жастардың жұмыс орнын іздеудің іздеудің белгілі бір қиындықтарды туғызатынына қарамастан оны үш ай ішінде табуға болатынына сенімді. Тағы 27,3 %-ы жаңа жұмыс орнын іздеп табу - жастар үшін үлкен мәселе, оны табуға алты ай уақытың кетуі мүмкін деп санайды. 17,4 %-ы қажет болған жағдайда өздеріне лайық жұмысты қысқа мерзімнің ішінде таба алатынына сенеді (4.3-сурет).

4.3-сурет

«Сіз жұмыссыз қалған жағдайда Сіздің пікіріңіз бойынша өзіңізге лайықты жұмысты қанишалықты тез таба аласыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру, (%-бен)



«Басқасы» бағанында респонденттер сұрақ жауабынын өз нұсқасын немесе пікірін қалдыра алады. Жауаптардың бұл тобында келесідей тұжырымдар кездеседі: «ауылда жастарға жұмыс жоқ», «мамандық бойынша жұмыс табу қиын, басқа жұмысты табуға болады», «тек таныс арқылы жұмыс таба аламын», «егер ақша болса», «жұмыс жасауға мүмкіндігім жоқ, мен 2-топтағы мүгедекпін». Бұл жауаптар белгілі бір деңгейде еліміздің ең өзекті мәселелері қатарында жемқорлықтың 6-орын алатындығын дәлелдейді.

Жұмыссыздық факторлары сауалнама сұрақтарында толығырақ қарастырылған: «Сіздің ойыңызша, сіздің қалаңызда/ауданыңызда жастардың жұмыспен қамтылуына не кедергі келтіреді?» (4.4-суретті қараңыз).

Алынған мәліметтерге сәйкес, жастар бірінші кезекті жалақының мөлшеріне назар аударады. Маңызды факторлардың қатарына жұмыс

тәжірибесінің жоқтығы, тұрғылықты мекендегі жұмыс орындарының болмауы кіреді. Осылайша, алғашқы үштікке белгілі бір мағынада бірін-бірі жоққа шығаратын факторлар кіріп отырғанын ескеру керек. Бұл факторларды әлеуметтік-демографиялық топтар қимасында қарастырып көрейік. Үш фактордың барлығын 19 жастан асқан респонденттер жиі белгілесе, ал ең жоғары көрсеткіштер 24-28 жастағы топтарда белгіленген.

Төменгі жалақы 24-28 жастағы топтарғы жастардың 55,1%-ын қызықтырмайды, 19-23 жастағы топтың 47,7%-ын қызықтырмайды, олардың ішінде жоғары білімді (54,2%), аяқталмаған жоғары білімділер (52,7%) мен арнайы орта кәсіби білім алушылардың (55,6%) қызықтырмайды, олар көбінесе қалалық жерден (51,5%) екендігін айта кету керек.

Еңбек нарығындағы жастардың бәсекелестікке қабілеттілік мәселесін ерекше атап өтуге болады. Жауап бергендердің 43,2%-ы жастардың өздері тұратын елді-мекенінде жұмыспен қамтылуына тосқауыл болатын фактор ретінде жұмыс тәжірибесінің жоқтығын көрсетеді, 12,6%-ы жұмыс берушіге қажетті дағдылардың болмауын, 11,9%-ы алынған білімнің бос орынның қызметтік талаптарына сәйкес келмеуін көрсетті.

4.4 сурет

«Сіздің пікіріңізше, Сіздің қалаңызда / ауылыңызда жастардың жұмысқа орналасуына не кедергі келтіреді? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Жалпы, жастардың жұмыс іздеуіне объективті және субъективті сипаттағы әр түрлі факторлар – жеке ұмтылыстар, жоғары болжам, еңбек нарығының талаптары кедергі келтіреді. Бұл ретте, әрбір бесінші жас адам жемқорлық пен жұмыс берушілердің паракорлығын кедергі ретінде есептейтінін атап өткен жөн. Одан бөлек, жұмыспен қамту мәселесінде респондентердің 4%-ы гендерлік және этникалық белгі бойынша дискриминация кездеспейді деп жауап бергенін ерекше көрсету керек.

4.4. Жастардың білім беру сапасымен, жастарды дамыту жағдайларымен, бос уақытты өткізу талаптарымен қанағаттану деңгейі


Жастардың жас мөлшеріне байланысты ең маңызды қажеттіліктерінің бірі тұлғалық даму, білім беру сапасы, бос уақытты өткізудің жеткілікті шарттары болып саналады.

Жастардың алған немесе алып отырған білім беру жүйесімен қанағаттануы бірнеше жолмен өлшенді. Бірінші жағдайда респондентерге білім беру жүйесін 5-балдық жүйе бойынша бағалау ұсынылды. Бұл жағдайда респондентердің 35,2%-ы өз өмірінің осы қырын 5 балға бағаласа; 42,3%-ы – 4 балға; 15%-ы – 3 балға; 4%-ы – 2 балға және 1,6%-ы –1 балға бағалады .

Келесі бір жағдайда респонденттерге келесі сұраққа жауап беру ұсынылды: «Өтінеміз, өзіңіздің алып болған немесе алып жатқан білім беру жүйесімен қанағаттану деңгейіңізді бағалаңыз?». Бағалау үшін орта мәні жоқ 4 шкала берілді: бірінші полюсте оң бағалар – толығымен қанағаттанамын және қанағаттанамын деуге болады, басқа бір полюсте – толығымен қанағаттанбаймын және қанағаттанбаймын деуге болады. Алынған мәліметтерге сәйкес, 81,7%-ы өзінің білімімен қанағаттанады, сондай-ақ олардың арасында толығымен қанағаттанатындардың үлесі 30% құрайды. 15,5% - қанағаттанбайды.

4.5 сурет

«Алған немесе алып жатқан біліміңіздің сапасына қаншалықты қанағаттанасыз? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Бірінші кезекте барлық жастағы топтардың өкілдері өзінің білім сапасымен қанағаттанатынын атап өтейік. Көрсеткіштер 79,6%-дан 84,8%-ға өзгеріп отырады. Қалай болғанда да, жас ерекшелігі үлкен болған сайын, қанағаттану деңгейі төмен, ең төменгі көрсеткіш - 79,6% және ол 24-28 жастағы респонденттер тобында кездеседі. Қалада тұратын жастар көбінесе қанағаттанады – 83,4%. Ауыл жастарының көрсеткіші – 79,6%.

Жастардың көзімен қарасақ, бүгінде білім беру саласындағы өзекті мәселелердің қатарына білім алу құнының жоғары болуы, кадрлардың тапшылығы, оқу орындарын қаржыландыру деңгейінің мардымсыздығы, содан туындайтын салдар ретінде әлсіз техникалық жабдықталу мен заманауи оқулықтардың кемшілігі жатады.

4.6 сурет

«Елдің білім беру жүйесіндегі ең өткір мәселелерді атап көрсетіңіз? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Жастардың бос уақытын өткізу мекемелерінің жұмысымен қанағаттануы алынған мәліметтерге сәйкес - 53,9% (бірінші жарты жылдықта – 66,5%). Аталмыш бос уақытты өткізу мекемелеріне жастар мен оқушылар үйлері мен сарайлары, өнер мектептері, спорт сарайлары, БЖСМ және т.б. жатады (4.7-сурет).

Сауалнама жауап бергендердің 16,4%-ы өзінің қаласында немесе ауылында оналасқан бос уақытты өткізу орталықтарының қызметімен қанағаттанбайды (бірінші жарты жылдықта – 20,5%). Есеп уақытында жауап бергендердің 18,2%-ы бос уақытты өткізу мекемелеріне бармайтындығын атап өтті, ал бірінші жарты жылдықта олардың үлесі іс жүзінде үшке төмен болатын – 6,6%. Сондай-ақ, елді-мекенінде бос уақытты өткізу мекемелері жоқ деп жауап бергендердің үлесі көп – 4,1%-дан 7,1%-ға өсті. Жауап беруге қиналғандардың үлесі де артқан – 2,4%-дан 4,5%-ға өсті.

Өткен жарты жылдықта, бос уақытты өткізу мекемелерінің сапасы және қызметімен қанағаттанбағандардың, бос уақытты өткізу мекемелеріне қатыспайтындар мен ондай мекемелері жоқ адамдардың жауаптарын ескере келе, біздің бағалауымызша, жалпы алғанда еліміздің жастарының 31,2% сапалы бос уақытты өткізу мекемелеріне қолы жетпейді. Екінші жарты жылдықта бұл көрсеткіш 41,7%-ды құрады. Осы жағдай Президенттің өңірлерде спортты дамыту тапсырмасын түсіндіре келе, оның өзектілігін арттырады.

4.7 сурет

«Сіз өзіңіздің қалаңызда / ауылыңызда орналасқан бос уақыт өткізу мекемелерінің (оқушылар сарайы, өнер мектебі, спорт сарайы, БЖСМ, спорт орталықтары және т.б.) жұмысымен қанағаттанасыз ба? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



53,9% тең қанағаттану деңгейінің орташа соммалық мәні («Толығымен қанағаттанамын» және «Қанағаттанмын деуге болады» жауаптарын қосқанда) өңірлерге байланысты едәуір өзгеріске түседі. Осылайша, аталмыш көрсеткіштің жоғары үлесі Маңғыстау облысына (85,3%), Солтүстік Қазақстан облысына (81,1%) және Қызылорда облысына (80,8%) тиесілі, ал ең төменгі көрсеткіш Алматы облысына (41,6%), Түркістан облысына (35,1%) және Шығыс Қазақстан облысына (29,2%) тиесілі.


Бос уақытты өткізу мекемелерінің – оқушылар мен жастар үйлері мен сарайлары, өнер мектептері, спорт сарайлары, БЖСМ, спорт орталықтары және т.б. жұмысы – көп жағдайда жасөспірімдерге бағытталған. Сондықтан 14-18 жастағы жастардың көп бөлігі бос уақытты өткізу мекемелерінің жұмысымен қанағаттанатындығын ескеру маңызды. Олардың ішінде 58%-ы жауаптардың «толығымен қанағаттанамын» және «қанағаттанамын деуге болады» нұсқаларын таңдаған. 19-23 жастағылардың – 54,2%, 24-28

жастағылардың – 50,7% бос уақытты өткізу мекемелерінің жұмысымен қанағаттанады.

Қала-ауыл қимасында өзгерістер байқалады, алайда бірінші жарты жылдықпен салыстырғанда алшақтық аса үлкен емес. Еске сала кетейік, респонденттердің қалада немесе ауылда тұрғылықты мекен етуіне байланысты қанағаттану деңгейінің соммалық көрсеткіші 20%-ға өзгерген. Есеп уақытында көрсеткіштердегі алшақтық 13,3% жетті, ол жалпылай алғанда бос уақытты өткізу мекемелерінің біркелкі орналаспауын және қала мен ауыл жастары үшін бірдей қолжетімділіктің болмауын көрсетеді (4.8-сурет).

4.8 сурет

«Сіз өзіңіздің қалаңызда / ауылыңызда орналасқан бос уақыт өткізу мекемелерінің (оқушылар сарайы, өнер мектебі, спорт сарайы, БЖСМ, спорт орталықтары және т.б.) жұмысымен қанағаттанасыз ба?» сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен, елді-мекен қонысы бойынша тілім)



Тұрғылықты елді-мекендегі бос уақытты өткізу мекемелерінің жұмысымен қанағаттану деңгейлерінің әртүрлілігі этникалық топтар қимасында байқалады. Олардың жоғары үлесі орыс (55,9%) және қазақ (54,3%) этникалық топтарына тиесілі. Бірінші жарты жылдықтағыдай қанағаттану деңгейінің төменгі үлесі басқа этностарға – 48% тиесілі.

4.5. Медициналық қызмет көрсету мен денсаулық мәселелері


Респонденттердің жауаптарына негізделе отырып, қазақстандық жастар өз денсаулықтарына күтіммен қарайды деген қорытынды шығаруға болады. Сұхбат берушілердің 7,1%-ы ешқашан медициналық мекемелерге жүгінбегендігін атап өтті. Сұхбат берушілердің негізгі бөлігі жылына бір рет (42,8%) немесе 2-3 рет (37,9%) медициналық мекемелерге қаралатындығын

көрсетті. Осындай жиіліктің болуы оқу орнының немесе жұмыс берушінің талаптарымен тікелей байланысты болуы әбден мүмкін.

Ешқашан медициналық көмекке жүгінбегендердің арасында ауыл жастарының үлесі өте жоғары (8,9%). Қала жастарының ішінде осы нұсқаны 1,6-ға аз белгілеген (5,7%).

4.9 сурет


«Сіз медициналық мекемелерге қаншалықты жиі жүгінесіз? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Жастардың 75,5%-ы өзінің денсаулық жағдайын өте жақсы немесе жақсы деп бағалаған. Тағы 21,7%-ы – қанағатанамын деп жауап берді. 3%-ы денсаулық жағдайының нашар екендігін көрсетті.

4.10 сурет

«Сіз өзіңіздің денсаулық жағдайыңызды қалай бағалайсыз? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)




Сауалнамаға жауап бергендердің көпшілігі – 92,6%-ы – соңғы жылда денсаулық жағдайының тұрақтылығын немесе оның жақсарғандығын

белгілеген. Сауалнаманың «Соңғы жылы Сіздің денсаулық жағдайыңыз қалай өзгерді?» сұрағына қоса алғанда жастардың 34,5%-ы денсаулығының жақсарғандығын, 58,1%-ы денсаулығының өзгермегендігін көрсетті. Денсаулық жағдайының нашарлауын қоса алғанда 6,3%-ы көрсетті. Ол жайлы 24-28 жастағы респонденттер айтады (8,7%). 14-18 жастағылардың – тек 3,6%.

4.11 сурет

«Сіздің денсаулық жағдайыңыз соңғы жылы қалай өзгерді? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)




Жастардың басым бөлігі қажеттіліктеріне байланысты мемлекеттік медициналық мекемелерге жүгінеді. Жекеменшік клиникаға әрбір бесінші жас адам, көбінесе 24-28 жастағылар (23,8%) барады. Басқа жас ерекшелік топтарында бұл көрсеткіш 18%-дан аспайды.

Әрбір алтыншы сауалнамаға жауап беруші, көбінесе ауыл тұрғындары денсаулық мәселелерін өздері шешеді (18,8%, қалада – 16,5%).

4.12 сурет

«Әдетте Сіз денсаулығыңызға байланысты мәселе туындағанда қайда жүгінесіз?» сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Жастардың 40%-дан көбі спорт залға немесе бассейнге бармайды. Жүйелі түрде спортпен шұғылданатындардың үлесі - 34,1%, олар аптасына немесе айына бірнеше рет спорт залына барады, өзгелері болса қолы тигенде ғана спорт кешендеріне барып тұрады.

4.13 сурет

«Сіз спорттық залға, стадионға, бассейнге және т.б. қаншалықты жиі барасыз? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Спорт 14-23 жастағы респонденттердің өмірінде жиі орын алады. 24 жастан үлкен респонденттердің ішінде 13,1%-ы аптасына екі немесе бірнеше рет спорт залына барады, ал аптасына үш-төрт рет спорт залына баратын жастардың үлесі – 11,2%. Салыстырмалы түрде 14-18 жастағылардың арасында бұл көрсеткіштер 29,6% және 16,7% құрайды, сәйкесінше 19-23 жастағылардың арасында көрсеткіш - 17,9% және 17,4% құрайды.

4.6. Тұрғын үй мәселесі

Алдыңғы бөлімдерде тұрғын үй мәселесі жастарды мазалайтын өзекті сұрақтардың бестігіне енетіндігі көрсетілген болатын. Одан бөлек, жастардың басым бөлігі Елбасы ұсынған қолжетімді тұрғын үй бағдарламасын жетілдіру бойынша шараларды қолдады.


Респонденттердің тұрғын үй жағдайлары мен мүмкіндіктеріне берген бағаларын толығырақ қарастырып өтейік.

Бірінші кезекте сұхбат берушілердің көбісі қазіргі тұрғын үй жағдайларымен қанағаттанатындығын атап өткеніміз жөн. Сауалнаманың қазіргі тұрғын үй жағдайы туралы жалпы сұрағына жастардың 63%-ы өзінің

тұрғын үй жағдайымен толығымен қанағаттанғандығын көрсетсе, 21,4% қанағатанатындығын көрсетті.

4.14 сурет

«Сіз өзіңіздің тұрғын үй жағдайыңызбен қанағаттанасыз ба? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



14,5%-ы - қанағаттанбайды. Өңірлер қимасында тұрғын үй жағдайларымен қанағаттанбайтындар үлесі 5,4%-дан 26%-ға өзгереді. Қанағаттанбау деңгейі ең жоғары үштікке Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстары кіреді.

Қанағаттану көрсеткіштері жас ерекшеліктерінің «жоғарылауына» байланысты өзгереді. 14-18 жастағылардың ішінде толығымен қанағаттанатындар - 72,7%, 19-23 жастағылардың ішінде – 61,8%, ал 24-28 жастағылардың ішінде – 57,1%.

Жастардың тұрғын үй жағдайына көңіл толмауының негізгі себептері: тұрғын үй күйі (ескі болуы), коммуналдық қызметтердің жоғары бағасы, пәтерді жалға алу сомасының жоғарылығы. Респонденттердің бір бөлігі көп адам тұратын жайсыз тұрғын үйде (тұрғын үй ауданы мен адам тығыздығының сай келмеуі) күн көреді. Сұхбат берушілердің 20,2%-ы тұратын адамның көптігінен тарлыққанын көрсетсе, 17,1%-ы – аз аудан мен пәтердің ыңғайсыз жоспарланғандығын атап өтті.

«Айтыңызшы, Сіз неліктен өзіңіздің тұрғын үй жайыңызға қанағаттанбайсыз?» сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Тұрғын үй мәселесі өте түйткілді мәселелердің бірі. Жастардың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі қандай деңгейде? Сауалнамаға жауап берушілердің көбісі ата-анасымен бірге тұрады. Өйткені, сауалнама іріктемесінде кәмелетке толмаған респонденттер бар, ол үшін жас ерекшелік қимасындағы мәліметке назар салыңыз. 19 жастан үлкен жастардың жартысынан көбі ата-анасымен бірге тұрады.

19-23 жастағылардың оныншы өкілінің және 24-28 жастағылардың әрбір төртінші өкілінің ғана жеке тұрғын үйі бар.

4.3 Кесте

«Айтыңызшы, өзіңіздің жеке тұрғын үйіңіз бар ма? сұрағына жауаптарды үлестіру»

	Елдегі орташа саны	Жас топтары		
		14-18	19-23	24-28
Иә, ата-анамның жеке тұрғын үйі бар, мен олармен бірге тұрамын	65,0%	81,2%	68,0%	51,0%
Иә, менің жеке тұрғын үйім бар, мен сонда тұрамын	14,3%	4,0%	10,1%	24,7%
Жоқ, менде және ата-анамда жеке тұрғын үйі жоқ, жалдаймыз	5,0%	5,2%	5,6%	4,4%
Жоқ, мен туыстармен олардың үйінде бірге тұрамын	5,6%	4,6%	6,3%	5,8%
Жоқ, мен пәтер, бөлме жалдаймын	9,6%	4,5%	8,9%	13,6%
Жоқ, мен студенттер жатақханасында тұрамын	0,6%	0,5%	1,0%	0,2%
Басқасы	0,1%	0%	0%	0,2%

Тұрғын үйге мұқтаж жастар қатарынан тек 6,4% -ы бүгінде жеке тұрғын үй алуға мүмкіндігі барын және осы ойды жоспарлап жүргендігін атап өтті. Көбінше, олар – қала жастары.


32,1%-ы жақын болашақта өзі үй сатып ала алмайтындығын, әйтсе де қаражат жинауға күш салатындығын көрсетті.

Әрбір бесінші сауалнамаға жауап беруші тұрғын үйді жалдайтындығын және болашақта да жалдайтындығын көрсетті, себебі оның ақша жинауға мүмкіндігі жоқ.

Жауап бергендердің шамамен жоғарыдағыдай үлесі тұрғын үйді жалдау мүмкіндігі болмағандықтан, ата-анасымен бірге тұратындығын көрсеткен.

4.16 Сурет

«Сіз өзіңіздің (отбасыңыздың) тұрғын үйіңізге байланысты мәселені қалай шешесіз? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Өмірінің барлық қырларын алғанда жастардың көп бөлігі өзінің айналасындағы адамдармен арақатынасымен, өзінің денсаулық жағдайымен, отбасылық материалдық жағдайымен, білім беру сапасымен, қауіпсіздікті қамтамасыз ету сапасымен қанағаттанады. Бірінші жарты жылдықпен салыстырғанда, барлық қарастырылып отырған 11 сала бойынша қанағаттану көрсеткіші жоғарылаған.

2. Қазақстан жастарын бірінші кезекте азық-түлік, халық пайдаланатын тауар құнының жоғарылауы, кіріс деңгейінің төмендігі, жоғары білім құнының шарықтауы, жұмыс іздеудегі қиындықтар, жұмыссыздық пен өзіндік тұрғын үйдің жоқтығы мазалайды.

3. Жастар арасында мемлекет жастарды жұмыспен қамтудан көмек беруі тиіс деген тұжырым басым болып келеді. 44,6%-ы мемлекет бірінші жұмыс орнын кепілдендіру қажет десе, ал 30,8%-ы мемлекет түлек талабына

сәйкес жұмыс іздеуде оған қолдау көрсетуі тиіс деп есептейді. 15,4%-ы мемлекет жұмыс орнын тек мемлекеттік құрылымдарда ғана кепілдендіру керек деп санайды.

4. Осындай патернализм еңбек нарығындағы қиындықтармен байланысты, жастар өзінің қажеттіліктеріне байланысты жұмыс таба алатындығына сенімсіздікпен қарайды. 29,3%-ы үш ай көлемінде жұмыс таба алатындығына сенімді. Сауалнамаға жауап бергендердің 27,3%-ы жаңа жұмыс орнын табуға жарты жыл кетеді деп ойлайды. Ал 17,4%-ы қажеттілігіне байланысты өзіне керек жұмысты аз уақытта таба алатындарына сенімді.

5. Респонденттердің 46,3%-ы жас адамдардың жұмыс іздеумен қиындығы бар деп есептейді. 31,4%-ы жастар мамандық бойынша жұмысқа орналасумен қиналады деп көрсеткен.

6. Жастардың жұмысқа орналасуына қарсы факторлар ретінде тек бос орындардың болмауы ғана әсер етпейді. «Тұрғылықты елді-мекенде бос жұмыс орындарының болмауы» факторы төменгі жалақы мен жұмыс тәжірибесінің жоқтығы атты екі мәселеден кейінгі үшінші орынды алады.

Жастардың 81,7%-ы өзінің білімімен қанағаттанады, олардың арасында 30%-ы толығымен қанағаттанса, ал 15,5%-ы қанағаттанбайды. Жастардың көзімен қарасақ, бүгінде білім беру саласындағы өзекті мәселелердің қатарына білім алу құнының жоғары болуы, кадрлардың тапшылығы, оқу орындарын қаржыландыру деңгейінің мардымсыздығы, содан туындайтын салдар ретінде әлсіз техникалық жабдықталу мен заманауи оқулықтардың кемшілігі жатады.

7. Жастардың 53,9%-ы (бірінші жарты жылдықта – 66,5%-ы) тұрғылықты жерлеріндегі бос уақытты өткізу ұйымдарының жұмысымен қанағаттанады. Сауалнамаға жауап бергендердің 16,4%-ы қанағаттанбайды (бірінші жарты жылдықта – 20,5%). Жауап бергендердің бірінші жарты жылдықтағы көрсеткіш бойынша 31,2%-ы, ал екінші жарты жылдық бойынша 41,7%-ы бос уақытты өткізетін сапалы ұйымдарға қолы жетпейді (бос уақытты өткізу мекемелерінің сапасы, жұмысымен қанағаттанбайтындарды, бос уақытты өткізу мекемелеріне бармайтындарды, бос уақытты өткізу мекемелері өңірінде жоқтарды қоса алғанда). Жастардың 40%-дан көбі спорт залына немесе бассейнге бармайтындығын көрсеткен.

8. Жастар өз денсаулығына күтіммен қарайды: олардың тек 7,1%-ы ешқашан медициналық мекемелерге жүгінбеген. Қалған бөлігі медицина мекемелеріне жылына бір рет (42,8%) немесе жылына 2-3 рет (37,9%) қабылдауға баратынын көрсетті. Медицина мекемелеріне бару жиілігінің жоғарыдай болуы оқу орны немесе жұмыс берушінің талаптарына байланысты болуы әбден мүмкін. Жастардың көп бөлігі қажеттіліктеріне байланысты мемлекеттік медициналық мекемелердің қабылдауына баратындығын көрсеткен. Жеке меншік клиникаға 24-28 жастағы жастардың әрбір бесінші өкілі баратындығы анықталды.

9. Жастардың 75,5%-ы өзінің денсаулық жағдайын өте жақсы немесе жақсы деп бағаласа, тағы 21,7%-ы – қанағаттанырлық деп бағалайды. Әлсіз

денсаулық жайлы жауап берушілер 3%-дан аспайды. Сауалнамаға жауап бергендердің көбісі 92,6%-ы – соңғы жылда тұрақтылықты немесе денсаулық жағдайының жақсарғандығын көрсеткен.

10. Жастардың 63%-ы өздерінің тұрғын үй жағдайларымен толықтай қанағаттанады. 21,4%-ы қанағаттанамын деуге болады деп жауап берсе, ал 14,5%-ы қанағаттанбайды. Тұрғын үй жағдайымен қанағаттанбауының негізгі себептеріне: үйдің жағдайы (ескі болуы), коммуналдық қызмет құнының жоғарылығы, жалға алынатын пәтер бағасының жоғары болуы жатады.

11. 19-23 жастағы жастардың әрбір оныншысында және 24-28 жастағы жастардың әрбір төртіншісінде өзінің жеке тұрғын үйі бар. Тұрғын үйге мұқтаж жастардың ішінде тек 6,4%-ы ғана үй сатып алуға мүмкіндігі бар және үй сатып алуды жоспарлайды. Әрбір бесінші жас адам алдағы уақытта тұрғын үйді жалға алуды жалғастырады, себебі отбасының табыстары ақша жинауға мүмкіндік бермейді. 21,1%-ы ата-аналарымен тұрады және болашақта жеке тұрғын үй алу жоспарлары жоқ.

12. Жастардың ең өзекті мәселелерінің қатарына жұмыспен қамтылу, жұмыссыздық кіретіндігін ескере келе, жұмыс іздеп жүрген жас адамдарға көмек көрсетуге бағытталған жастар еңбек биржаларының, жастар ресурстық орталықтарының жұмысын жетілдіру қажет. Жастарға еңбек нарығында қолдау көрсетуге бағытталған жастар ұйымдарының жарнамалық кампанияларын жүйелі түрде жүргізуіне арнайы назар аудару ұсынылады, себебі олардың жұмысы жайлы жастар аз ақпараттандырылған.

13. Жастардың «кездейсоқ түрде» ЖОО мен білім алу саласын таңдауы олардың мамандық бойынша жұмысқа орналасу мәселесінің өзектілігін айқындайды, сол ретте жыл сайын елімізге қажетті мамандықтардың мониторингін жасауға, осы ақпаратты ата-аналар мен абитуриенттерге таныстыру мақсатында ашық деереккөздерге жариялауға, мектеп түлектерінің тұлғалық ерекшеліктерін, белгілі бір мамандық түріне қызығушылығын анықтауға бағытталған еліміздегі кәсіби бағдар беру жұмысының тұжырымдамасын даярлау ұсынылады.

V БӨЛІМ. ЕЛ ЖАСТАРЫНЫҢ САНАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТИЗМНІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Мәселе.

Заманауи қоғамның ең маңызды құндылықтарының бірі – патриотизм. Патриотизм тек Отанына деген сүйіспеншілікпен, еліне деген мақтанышымен, оны танып-түсінуге, жақсартуға бағытталған құлшыныспен ғана анықталып қоймайды, сонымен қатар өз мемлекеті үшін аянбай қызмет етуге (әскери, мемлекеттік, азаматтық) даярлығымен анықталады.


Нәтижелері.

5.1. Қазақстандық жастардың патриотизм деңгейі

Берілген бөлімнің негізгі мәселелерінің бірі – жастардың патриоттық деңгейін анықтау. Субъективті бағалау бойынша, жастардың 89,2% -ы өздерін Қазақстанның патриоттарымыз деп есептейді. Жастардың қоса алғанда 7,7%-ы теріс жауап берсе, 3,2%-ы жауап беруге қиналды.

5.1 Сурет

«Сіз өзіңізді Қазақстан патриотымын деп санайсыз ба? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Патриотизм деңгейі жыныстық, жастық сипаттамаға, тұрғылықты өңіріне, этникалық тегіне қарамастан барлық топтарда жоғары көрсеткішке ие. Дегенмен де, этникалық топтар қимасындағы мәліметтерге зер салайық. Патриотизмнің жоғары деңгейі қазақтар арасында байқалады – 57,1%, жауап бергендердің 35,2%-ы сіз өзіңізді Қазақстанның патриоты деп санайсыз ба сұрағына санаймын деуге болады деп жауап берген (қоса алғанда 92,4%). Орыстар арасында бұл көрсеткіш 81,6% құраса, өзге ұлттарда – 82,1% құрады. Соңғы екі топта теріс жауаптар мен жауап беруге қиналғандардың үлесі жоғары.

5.1 Кесте


«Сіз өзіңізді Қазақстан патриотымын деп санайсыз ба? сұрағына жауаптарды %-бен үлестіру, этникалық тілім бойынша)

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Ия	57,1%	39,5%	41,3%
Иә деуге болады	35,2%	42,1%	40,8%
Жоқ деуге болады	3,8%	7,5%	8,1%
Жоқ	1,9%	4,8%	3,6%
Білмеймін	1,9%	6,1%	6,3%

Патриотизмді анықтауға бағытталған бөлімнің келесі сұрағы: «Айтыңызшы, Қазақстанда өмір сүргеніңізді қаншалықты мақтан тұтасыз?». Осы сұраққа жауап бергендердің 84,9%-ы Қазақстанда өмір сүргенімді мақтан тұтамын немесе мақтан тұтамын деуге болады деп жауап берді. Сауалнамаға қатысушылардың 3%-ы мақтан тұтпайтындығын білдірді. Одан бөлек, 7,9%-ы немқұрайлылық танытса, 2,9%-ы Қазақстанда тұрақты өмір сүрмейтіндігін көрсеткен (5.2-суретті қараңыз).

5.2 Сурет

«Сіз Қазақстанда тұратындығыңызды қаншалықты мақтан етесіз? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)



Қазақстанда өмір сүргендігін мақтан тұту сезімі жынысқа, жасқа, тұрғылықты өңіріне байланысты емес. Осылайша, жас топтары қимасындағы көрсеткіштер келесідей: 14-18 жас – 83%, 19-23 жас – 86,6%, 24-28 жас – 85,1%. Ерлер арасында – 84,7%, әйелдер арасында – 85,2%. Қалалық жастар арасында – 85,2%, ауылдық жастар арасында – 84,6%.

Оның алдында болған сұрақ жауаптары секілді этникалық қимада белгілі бір өзгешеліктер байқалады. Сонымен қатар, қарастырылып отырған үш топтың барлығында көрсеткіштер өте жоғары екендігін атап өткен жөн. Осылайша, қазақтар арасында Қазақстанда өмір сүретіндігін мақтан тұтатындар үлесі - 87,8%, орыстар арасында – 77,1%, басқа этникалық топтар арасында – 80,3%.

5.2. Жас қазақстандықтар санасындағы «патриотизм» ұғымының мәні

Респонденттерге бұдан әрі «ел патриоты» ұғымын «түсіндіру» ұсынылды. Алынған мәліметтерге сәйкес, заманауи Қазақстанның жастары үшін патриотизм ұғымы басты кезекте эмоционалды әсермен анықталады, атап айтқанда Отанына, соның ішінде туған қаласына, ауданына, ауылына деген сүйіспеншілігімен анықталады – 25,7%. Екінші орынға жастар заңның үстемдігін қояды. 21,7%-ы Қазақстанның патриоты – азамат ретінде өзіне жүктелген міндеттерді атқарып, мемлекет заңдарын сақтауы қажет деп есептейді. Үшінші орында – елдің жарқын болашағына сенім – эту осы ұстанымды жауап бергендердің 19,4%-ы ұстанады. Осылайша, заманауи жастар санасында ел патриоты түсінігі – Отанына деген сүйіспеншілік пен елдің ұлы тарихын білумен шектелмейді, сонымен қатар заңның үстемдігімен, заңға бағынушылықпен, елдің жарқын болашағына сенімімен көрінеді (5.2-кесте).

5.2 Кесте

«Қазақстанның патриоты болу деген Сіз үшін нені білдіреді?» сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)

	%
Отанды сүю	25.7
Азаматтық міндеттерді орындау, мемлекет заңдарын сақтау	21.7
Елдің зор болашағына үміт арту	19.4
Елдің үлкен жетістіктері үшін мақтаныш	17.5
Алыс жерде жүргенде Отаныңды сағыну	7.2
Елдің мүддесін қорғау	6.8
Басқасы	0.1
Қажет болу	0.1
Білмеймін	1.6

«Патриотизм» ұғымын түсіндіруде әр түрлі этникалық топтағы жастардың арасында көзқарастардың өзгешілігі байқалды. Осылайша, патриотизм ұғымын түсіндіретін кең таралған жауап нұсқалары (кестедегі алғашқы үш ұстанымға енетін) барлық этнос жастарында бірдей таңдалған.

«Отанды сүю», «елдің ұлы жетістіктерімен мақтану» секілді эмоционалдық сипаттамалар қазақтар арасында жиі кездеседі. Елдің жарқын болашағына сенім көбінше қазақтар мен орыстар арасында таңдалған, сол ретте басқа ұлт өкілдері Отаннан жырақта аңсау сезімін баштан кешіреді.

Патриот болу дегеніміз – осы елдің заңына бағыну, осындай ұстанымды орыстар мен басқа ұлт өкілдері – 26,9% және 35% көрсеткен.

5.3 Кесте

«Қазақстанның патриоты» жайлы көрініс (%-бен, этникалық тілім бойынша)

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Елдің үлкен жетістіктері үшін мақтаныш	18,4%	17,9%	10,8%
Елдің зор болашағына үміт арту	19,8%	20,8%	14,8%
Алыс жерде жүргенде Отаныңды сағыну	6,9%	6,4%	10,8%

Отанды сүю	28,4%	19,2%	19,7%
Азаматтық міндеттерді орындау, мемлекет заңдарын сақтау	18,2%	26,9%	35,0%
Елдің мүддесін қорғау	6,9%	5,9%	7,2%
Басқасы	0,1%	0,3%	0,0%
Қажет болу	0,0%	0,3%	0,0%
Білмеймін	1,3%	2,4%	1,8%

Жастардың патриоттық сезімін қандай факторлар арттырады? Қандай шаралар тиімді болуы мүмкін? Осы сұраққа жастардың өзі қалай жауап береді? Респонденттердің жауаптарына зер салайық.

Жастардың патриоттық сезімін арттыру үшін Қазақстанның этностарының тарихын, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын зерттеу, орта мектептерде алашқы әскери дайындықты өткізу, тұрғылықты жері ойынша балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту, жүйелі түрде спорт шараларын, байқаулар мен олимпиадаларды өткізу, жазғы демалыс уақытында оқушыларға арналған әскери-патриоттық лагерлерді ұйымдастыру қажет. Бірінші жарты жылдықта жауаптардың осы бестігі жиі таңдалды. Жастар патриотизмді дамытуға көмектесетін жауаптарды ғана емес, сонымен қатар өзінің қызығушылығы бар шараларды таңдағаны білінеді.

Екінші жарты жылдықта бестік өзгеріске сәл ұшыраған, алайда айқын өзгерістер байқалмайды. Екінші жарты жылдықта жастардың жауаптарында мемлекеттік тіл мәселесіне назар аударылған. Сонымен, екінші жарты жылдықтың бестігі келесідей: Қазақстанның этностарының тарихын, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын зерттеу (19,6%); жастар мен балалар әдебиетті, қазақстандық және қазақ авторларының шығармаларын мемлекеттік тілде оқуы (11,4%); орта мектептерде алашқы әскери дайындықты өткізу (10,6%); жүйелі түрде спорт шараларын, байқаулар мен олимпиадаларды өткізу (9,9%); қазақ тілін үйрену (9,8%). Қазақстан жастары қоғам бірлігінің маңызды факторы ретінде Қазақстанның көптүрлілігін сақтау мен барлық қазақстандықтардың қазақ тілін жаппай меңгеруінде екендігінде екендігін түсінеді деп болжам жасауға болады.

5.4 Кесте

«Сіз қалай ойлайсыз, жастар патриот болуы үшін бірінші кезекте не істеу керек? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен)

	1-жартыжылдық	2-жартыжылдық
Қазақстан тарихы, этностары мен салт-дәстүрлерін зерттеу	18,4	19,6
Орта мектептерде алғашқы әскери дайындықты жүргізу	15,2	10,6
Тұрғылықты мекен-жай бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту	11,2	8,5
Спорттық жарыстар, конкурстар мен олимпиадаларды жиі ұйымдастыру	11,1	9,9
Жазғы демалыс кезінде оқитындарға әскери-патриоттық лагерь ұйымдастыру	9,5	7,1

Балалар мен жастарға мемлекеттік тілдегі, қазақстандық және қазақ авторларының әдебиеттерін оқыту	7,0	11,4
Қазақ тілін үйрену	6,2	9,8
Жастарды әскерде борышын өтеуге міндеттеу	5,9	5,1
Қазақ тілінде ұлттық батырлар туралы балаларға арналған бағдарламалар мен мультфильмдер шығару	5,1	7,4
Балабақшаларда әнұранды жаттату	2,3	2,0
Басқасы	0,4	1,5
Жауап беруге қиналамын	7,7	7,1

Қазақ тілі жайлы көбінесе қазақ ұлтына тән құбылыс десек болады. Бұл Қазақ тілінің маңыздылығы қазақ ұлтының жастарымен жиі көтеріледі. Бұл жағдай терең талдауды қажет етеді.

Олар басқа ұлттың жастарына қарағанда патриотизмді тәрбиелеудің маңызды шаралары ретінде ұлттық (қазақ) мәдениеті мен тіліне қатысты шараларды атап өтті. Мәселен, әдебиетті, қазақстандық және қазақ авторларының шығармаларын мемлекеттік тілде оқуы (13,4%-ы қарсы, 6,4%-ы орыстар болса, 7,6%-ы басқа ұлт өкілдері), ұлт батырлары туралы қазақ тіліндегі балалар бағдарламаларын шығару (9,1%, 3,2% және 3,1%, сәйкесінше) және қазақ тілін меңгеру (11,3%, 6,4%, 5,8% сәйкесінше).

Біздің ойымызша, бұл жағдай қазақ мектептері түлектері санының өсуімен, олардың өз дағдыларын қолдануға тырысуына байланысты болуы мүмкін, себебі ірі қалаларда олар осы міндеттерді іске асыра алмайды.

5.5 Кесте

«Сіз қалай ойлайсыз, жастар патриот болуы үшін бірінші кезекте не істеу керек? сұрағына жауаптарды үлестіру: (%-бен, этникалық тілім бойынша)

	Қазақ	Орыс	Басқа ұлт өкілі
Орта мектептерде алғашқы әскери дайындықты жүргізу	10,0%	12,5%	11,2%
Балалар мен жастарға мемлекеттік тілдегі, қазақстандық және қазақ авторларының әдебиеттерін оқыту	13,4%	6,4%	7,6%
Қазақ тілінде ұлттық батырлар туралы балаларға арналған бағдарламалар мен мультфильмдер шығару	9,1%	3,2%	3,1%
Спорттық жарыстар, конкурстар мен олимпиадаларды жиі ұйымдастыру	9,7%	10,7%	9,4%
Жазғы демалыс кезінде оқитындарға әскери-патриоттық лагерь ұйымдастыру	6,2%	8,5%	10,3%
Тұрғылықты мекен-жай бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту	7,4%	11,7%	9,4%
Қазақстан тарихы, этностары мен салт-дәстүрлерін зерттеу	19,3%	20,0%	20,6%
Балабақшаларда әнұранды жаттату	2,3%	1,3%	1,3%
Қазақ тілін үйрену	11,3%	6,4%	5,8%
Жастарды әскерде борышын өтеуге міндеттеу	4,1%	5,3%	10,3%

Басқасы	1,4%	1,9%	2,7%
Білмеймін	5,6%	12,0%	8,1%

Орыс этникалық тобының өкілдері патриотизмді тәрбиелеу шараларының қатарына нақты этноспен байланыспаған жауаптарды таңдаған. Мәселен, спорт - жүйелі түрде спорт шараларын, байқаулар мен олимпиадаларды өткізу, тұрғылықты мекен-жайы бойынша балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту секілді жауап нұсқаларына назар аударған.

Үш топтың барлығында патриотизмді тәрбиелеудің жалпы және негізгі факторы ретінде Қазақстан этностарының тарихын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын зерттеу көрсетілген.

Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Субъективті бағалау бойынша жастардың 89,2%-ы өздерін Қазақстанның патриоттары санайды. Сауалнамаға жауап бергендердің 7,7%-ы өздерін патриот санамаса, ал 3,2%-ы жауап беруге қиналған. Жастық, жыныстық сипаттамаларға, тұрғылықты өңіріне, этникалық тегіне қарамастан, барлық топтарда патриотизм деңгейі жоғары.

2. Жастардың 84,9%-ы Қазақстанда өмір сүретіндігін мақтан тұтады. Жауап бергендердің 3%-ы өмір сүргендігін мақтан тұтпайды. Немқұрайлылық таытқандар үлесі 7,9%, оның 2,9%-ы Қазақстанда тұрақты өмір сүрмейді. Осы мақтаныш сезімі ауылдық, қалалық жастарға бірдей тән. Патриотизм мен мақтан тұту сезімдері қазақ жастарының арасында айқын байқалады.

3. Қазақстан жастарының санасында патриотизм ұғымы басты кезекте эмоционалды әсерлермен анықталады. Жастардың 25,7%-ы «Қазақстанның патриоты» ұғымын Отанға сүйіспеншілік сезімімен байланыстырады. Патриотизм ұғымы жастар санасында кішкене өзгеріске ұшыраған. Бұл ұғымды жастар заң үстемдігімен (патриот болу – азамат ретінде міндеттерді орындап, мемлекет заңдарына бағыну) және елдің жарқын болашағына деген сеніммен байланыстырады. Елдің ұлы жетістіктерімен мақтану – төртінші орынға төмендеді.

4. Әр түрлі этникалық топқа жататын жастар арасында «патриотизм» ұғымының мәні өзгеріске ие. «Отанын сүйю», «елдің ұлы жетістіктерімен мақтану» секілді эмоционалдық сипаттамалар қазақтара арасында жиі кездеседі. Патриотизмнің заң үстемдігімен байланысы орыстар мен басқа этностар арасында айқын байқалады.

5. Екінші жарты жылдықта жастарды патриот қылу үшін не істеу керек деген сұраққа жастар «Қазақстанның этностарының тарихын, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын зерттеу», «орта мектептерде алашқы әскери дайындықты өткізу», «тұрғылықты жері ойынша балалар-жасөспірімдер клубтарының жұмысын дамыту», «жазғы демалыс уақытында оқушыларға арналған әскери-патриоттық лагерлерді ұйымдастыру» қажет деп жауап берді.

Одан бөлек, жастардың жауаптарында мемлекеттік тіл мәселесіне назар аударылған. Сонымен, екінші жарты жылдықтың бестігіне «қазақстандық және қазақ авторларының шығармаларын мемлекеттік тілде оқу», «қазақ тілін үйрену» секілді факторлар енген. Қазақ тілі факторы қазақ жастары арасында жиі көтеріледі.

6. Этникалық қимада үш топтың барлығында патриотизмді тәрбиелеудегі жалпы және негізгі фактор болып Қазақстанның этностарының тарихын, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрпын зерттеу табылды.

7. Қазақ тілі факторы қазақ жастары арасында жиі көтеріледі тұжырымы терең талдауды қажет етеді. Бұл қазақ тілін оқыту курстары мен әдістемесіне жоғары қызығушылық танытумен анықталуы мүмкін, алайда әр түрлі этникалық топтардың күнделікті арақатынасында дисбаланс тудыруы да мүмкін. Әсіресе бұл ретте қазақ мектептерін бітіруші түлектердің сананың артуы мен еліміздің оңтүстік аймақтарындағы орыс тілі рөлінің төмендеуін де ескере кету қажет. Бұл сапалы қазақ тілді контентке қызығушылық танытумен де байланысты болуы мүмкін.

VI БӨЛІМ. ЖАСТАРДЫҢ ДІНГЕ ДЕГЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Мәселе.

Жастар ортасындағы әлеуметтік-саяси жағдайдың даму көрсеткіштерінің бірі олардың діншілдік деңгейі, жастардың дінге араласу дәрежесі, діни ұстанымдардың күнделікті өміріне әсер етуі. Жастардың діншілдік деңгейін зерттеу жастардың санасында (соңғы жылдары динамиканы бағалауды қоса алғанда) елдегі жалпы діни ахуалды бағалауды және индивидуалды діни сенімнің негізгі компоненттерін талдауды, діни сенімге деген көзқарастар (сенетін, сенбейтін, атеист және т.б.), өзін белгілі бір діни конфессияға жатқызу ерекшеліктері, адамның діни сенімге келудегі қажеттіліктері және жастардың басқа діндерге эмоционалдық қатынасын камтиды

Нәтижелері.

6.1. Қазақстан жастарының индивидуалды діншілдік деңгейі

Индивидуалды діншілдік деңгейін зерделеу бізге осы саладағы қазіргі жағдайды ғана емес, жастар діни ағымының одан әрі өсу әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері жас қазақстандықтардың діншілдік деңгейінің орта деңгейде екенін көрсетті, жас респонденттердің 71% өздерін дінге сенуші адамдар ретінде (бірінші жартыжылдықта - 69%) көрсетті. Дінге сенушілердің санына үш санат түсетініне назар аударған жөн: діни бірлестіктің өміріне қатысатын белсенді сенушілер (8,1%); діни нормаларды сирек сақтайтын және діни орындарға мереке күндерінде ғана баратындар (25,5%); үшінші санат - діни өмірге қатыспайтын сенушілер (37,4%). Бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіштер сәйкесінше 6,4%, 26,5% және 36,1% құрады, бұл жалпы алғанда жастардың арасында тұрақты діни құрылымды көрсетеді.

Біз өз діндерінің барлық талаптарын орындайтын белсенді сенушілердің саны 10% аспайтынын көреміз. Бұл сенушілердің қалған екі санаты қоғамның әлеуметтік және саяси өміріне ешқандай әсер етпейді дегенді білдірмейді. Алайда олардың қоғамға ықпалы бірінші топтағы сенушілерден әлдеқайда аз екенін мойындау керек.

Бұл деректер өздерінің өмірінен және отбасылық өмірінен асып кетпейтін, Қазақстан жастарының дінге деген қарым-қатынасының үстем формасы сенім екенін көрсетеді.

Діншіл адамдардың екінші және үшінші санаттары, ең көп болып табылады, мейлінше олар өздерінің зайырлы өмірі қаншалықты мүмкіндік беретіне байланысты діншіл болып келеді - діни мерекелер, негізгі отбасылық оқиғалар, діни салт-жораларды орындау ең қарқынды болған кездегі оқиғалар жатады.

Респонденттердің 9,1% дінге немқұрайлы қарайтынын, ал қалған 3% жауап беруге қиналатынын көрсетті. Бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша олардың үлесі сәйкесінше 8% және 2,9% болды.

Атеистер тобы ең аз - олардың үлесі бірінші жартыжылдықтағы 1,6%-дан екінші жартыжылдықта 3,6% арасында өзгеріп отыр. 13,3% өздерін дінге сенбейтіндер деп атады, бірақ кейде олар мешітке, шіркеуге, синагогаға барады және діни нормаларды сақтайды (6.1-сурет).

6.1-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, Сіз өзіңзді дінге сенетін адам деп санайсыз ба?» (%)



Белсенді сенушілердің санатын, яғни дінге сенетін (өздерінің сөздері бойынша) діни ұстанымдарды сақтауға және діни қауымдардың өміріне араласатын жас адамдарды талдауға тоқтайтын болсақ, онда мұндай жастардың басым бөлігі 24-28 жастағы ер адамдар (9,2%), ерлер (8,7%), басқа этникалық топтардың өкілдері (13,5%) және ауыл тұрғындары (8,6%) екенін байқауға болады. Материалдық жағдайы бойынша ең жоғары көрсеткіштер екі шеткі топта - материалдық мәселелері жоқ адамдарға және керісінше, материалдық мәселелерді бастан кешіретіндерде. Аталған топтарда индикаторлар республикалық мағынадан мәннен жоғары.

Әрбір төртінші респондент өзін дінге сенушілердің санатына жатқызады, бірақ діни нормаларды өте сирек сақтайды. Бұл топта негізінен респонденттер 19 жастан асқан (27%), ерлер, қазақтар, қала тұрғындары (28,1%).

Жалпы дінге сенушілердің негізі - өздерін сенетіндер деп санайтын, бірақ діни нормаларды сақтамайтын респонденттер - 37,4% өздерін осы топқа жатқызады. Олардың арасында әйелдер (38,4%), ауыл тұрғындары (38,7%), басқа ұлт өкілдері (41,3%) бар.

Өздерін сенбейтіндер мен дінге немқұрайлы деп санайтын жастардың көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады (27,8%). Қалалық жерлерде олардың үлесі 24,5% құрайды. Олар 14-18 жас аралығындағы жастар (28,1%), 19-23 жас аралығындағы жастар (27,3%) арасында кеңінен таралған.

Гендерлік ерекшеліктері бойынша айырмашылықтар жоқ - ерлер арасында 25,7% дінге сенбейді немесе дінге немқұрайлы, ал әйелдер арасында 26,1%. Респонденттердің материалдық жағдайына қатысты жауаптарында өте қызықты жағдай байқалады: материалдық жағдайы неғұрлым төмен болса, дінге сенбейтіндердің үлесі не дінге немқұрайлы қарайтын адамдар үлесі соғұрлым жоғары:

- толық жетістік, қаражатқа шектелмеген – 22,4%;
- ақша тек жылжымайтын мүліктен басқасының барлығына жетеді – 23,2%;
- ақша жетеді, бірақ жаңа автокөлік алу қиындық тудырады – 25,5%;
- ақша қажетті нәрселердің барлығына жетеді, алайда ірі тұрмыстық техника алу қиындық тудырады – 26,8%;
- ақша тамаққа жетеді, бірақ киім-кешек алу қиындық тудырады – 30,3%;
- ақша тамаққа әрқашан жете бермейді – 33,3%.

Бұл деректерге қарамастан, барлық топтарда жас және жыныстық сипаттамалардан, этникалық шығу тегіне немесе тұрғылықты жеріне қарамастан, басым топтар қалыпты сенушілер болып табылады - діни нормаларды өте сирек сақтайтын және мешітке, шіркеуге, синагогаға белгілі оқиғалар үшін баратын, сондай-ақ, діни жоралғыларды орындамайтын сенушілер жатады.

Этникалық топтар бойынша деректерге назар аударайық. Жоғарыда айтқан белсенді сенушілердің үлесі екі этникалық санат бойынша біршама ерекшеленеді - қазақтар арасында, орыстар арасында 7,3%, орыстар арасында - 7,7% (басқалар арасында - 13,5%).

Өзін сенушілер қатарына жатқызатындардың жалпы саны (барлық үш санатты қоса) мен сенбейтіндерді (немқұрайлыларды қоса алғанда) салыстыру жағдайында елеулі айырмашылықтар байқалады. Қазақтар арасында өздерін дінге сенуші деп атағандардың жалпы саны 70%, орыстар арасында шамамен бірдей (68,8%). Басқа этникалық топтардың жастар арасында бірінші (74,2%) және екінші (78,9%) жартыжылдықтағы ең жоғарғы көрсеткіш. Ең төменгі мәнді орыстар көрсетті. Орыс жастарының индивидуалды діншілдігінің төменгі деңгейі екі факторға байланысты деп болжауға болады. Бір жағынан, орыс жастарының құндылықтары модернизацияланып келеді, өйткені орыстардың урбанизация деңгейі басқа этникалық топтардан жоғары. Екіншіден, қазақтармен салыстырғанда қоғамның барлық деңгейіндегі дін көпшіліктің діні ретінде жарияланып, басқаларына қарағанда белсенді

насихатталады, орыс православ христиан діні қоғамдық кеңістікте Ислам сияқты көрсетілмейді (6.1-кесте).

6.1-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Айтыңызшы, Сіз өзіңізді дінге сенуші адам деп санайсыз ба?» (этностар бойынша (%))


	Қазақтар	Орыстар	Басқалары
Мен дінге сенемін, діни қауымдардың өміріне қатысамын, барлық діни нормаларды сақтаймын	7,3%	7,7%	13,5%
Мен дінге сенемін, бірақ кейде, мереке күндері мешітке, шіркеуге, синагогаға барамын, діни нормаларды өте сирек сақтаймын	26,0%	24,3%	24,2%
Мен дінге сенемін, бірақ ешқандай діни жоралғыларды орындамаймын	37,0%	36,8%	41,3%
Мен дінге сенбеймін, бірақ кейде, мешітке, шіркеуге, синагогаға барамын, діни нормаларды сақтаймын	16,1%	6,7%	6,7%
Мен Құдайдың бар екеніне сенбеймін, мен атеистпін	3,4%	4,3%	3,1%
Мен дінге немқұрайлы қараймын	7,6%	15,5%	8,1%
Жауап беруге киналамын	2,4%	4,8%	3,1%

6.2. Жастар арасында дінге деген қызығушылық

Респонденттердің басым көпшілігі арасында қалыпты діншілдік жастардың сирек немесе тіпті діни ғимараттарға бармайтыны және діни әдебиетке жүгінбейтінінен байқалады.

6.2-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз діни мекемелерге қаншалықты жиі барасыз (мешіт, шіркеу, синагога)?» (%)



Респонденттердің 27,9% діни орындарға бармайды, бұл көбінесе 14-18 жас аралығындағы респонденттер (34,8%), олардың отбасыларының қаржылық жағдайы «ақша қажетті заттардың бәріне жеткілікті, ал үлкен тұрмыстық техниканы сатып алу қиын» деп сипаттайды (31,3%), «Ақша азық-түлікке жеткілікті, бірақ киім-кешек сатып алу қиындық тудырады» (33,5%) деген жауаптар.

Әр апта сайын немесе айына 1-2 рет, респонденттердің 18,2% барады. Бұл жиілік жас топтары бойынша 16,5%-дан 19,4% дейін белгіленді. Ең жоғарғы көрсеткіш 19-23 жас аралығында.

Ересектер тобында - 24-28 жас аралығындағы жастарда – «жылына 2-3 рет» деген жауап кездеседі (24,7%).


Этникалық топтар контексіндегі деректер жоғарыда айтылған қазақтардың дінге деген қызығушылығы, оның ішінде ислам діні көпшілікке белсенді насихатталатын, орыс православиелік христиандарға немесе басқа діндерге қарағанда әлдеқайда белсенді болып келетін тезисін растайды.

Осылайша, қазақтар арасында тек 22,1% діни орындарға бармайды, орыстар арасында - 41,6%, басқа этникалық топтарда - 41,3%. Қазақтар арасында тиісінше әр түрлі қарқындылықпен бар діни ғимараттарға баратындардың үлесі жоғары.

80% жуығы діни әдебиеттерді оқымайды. Белгілі бір қызығушылық 20,7% бар, оның ішінде 3,9% үнемі оқиды, 16,8% мезгілмен оқиды.

6.3-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз діни әдебиеттерді оқисыз ба? Қаншалықты жиі?» (%)



Жастар үшін діни әдебиеттер әр түрлі көздерден қолжетімді. Негізгі ресурстар - интернет және үй кітапханасы. Респонденттердің 37,1% үйлерінде діни әдебиеттер бар екендігін, 38,6% интернеттен оқитынын көрсетті. 30,2% діни әдебиеттерді діни орындардан алады немесе сатып алады.

6.4-сурет


Сұрақ бойынша жауаптар: «Егер, Сіз діни әдебиеттерді оқысаңыз, әдетте оларды қайдан аласыз, сатып аласыз?» (%)



Жастардың терең діндар адамдарға деген көзқарасы қандай? Жалпы алғанда, 43% құрметпен қарайды, оның 15,1% сондай болғылары келеді. 13,3% теріс пікірде, олардың 8,5% олармен қарым-қатынастан аулақ жүруге тырысатынын атап өтті. Үштен көп бөлігі (36,2%) терең діндар адамдарға немқұрайлы қарайды.

6.5-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сізге терең діндар адамдар қандай сезім тудырады?» (%)



Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Зерттеу барысында алынған деректерге сәйкес, жас қазақстандықтардың діншілдік деңгейі орташа және қалыпты деп сипатталады. Жастар өкілдерінің 71% өздерін дінге сенушілер деп атады, ал бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 69% құрады. Дінге сенушілер үш топқа бөлінеді: діни қауымдардың өміріне қатысатын **белсенді сенушілер** (8,1%); **діни нормаларды сирек сақтайтын** және діни орындарға мереке күндерінде ғана баратындар (25,5%); **діни өмірге қатыспайтын сенушілер** (37,4%). 16,9% өздерін дінге сенбейтіндер деп санайды. Респонденттердің тағы 9,1% дінге немқұрайлы қарайды, 3% жауап беруге киналады. Жастардың діни құрылымы тұрақтылықты көрсетеді.

2. Белсенді сенушілер көбіне жиі былай сипатталады: ерлер, 24-28 жастағы, ауыл тұрғындары, басқа этникалық топтардың өкілдері. Дінге сенушілер санатында, бірақ өте сирек діни нормаларды сақтайтындар, жиі 19 жастан асқан респонденттер, ерлер, қазақтар, қалалықтар. «Пассивті» сенушілер - жас және жыныстық сипаттамаларына, этникалық тегі мен тұрғылықты жеріне қарамастан, саны жағынан ең үлкен топ.

3. Сенбейтін адамдар төмен табыстары бар 14-23 жас аралығындағы жастар арасында кең таралған, гендерлік айырмашылықтары байқалмайды.

4. Респонденттердің басым көпшілігі арасында қалыпты діншілдік жастардың сирек немесе тіпті діни ғимараттарға бармайтындар және діни әдебиетке жүгінбейтінінен байқалады. Апта сайын немесе айына 1-2 рет респонденттердің 18,2% діни ғимараттарға (мешіт, шіркеу, синагога) барады.

5. 80% жуығы діни әдебиеттерді оқымайды. Белгілі бір қызығушылық танытатын 20,7%, оның ішінде 3,9% үнемі оқып, 16,8% мезгіл-мезгілмен оқиды.

6. Жастар үшін діни әдебиеттер қолжетімді: 37,1% үй кітапханасын пайдаланады, 38,6% интернетте оқиды. Діни әдебиеттердің 30,2% діни орындарда да бар. Діни әдебиетті оқу оқу орындарына, кітапханаға және кітап дүкендеріне аз деңгейде байланысты.

7. Жастарға терең діндар адамдарға қатысты оң эмоциялар басым - құрмет (43%) және ішінара оларға ұқсас болу (15,1%). 13,3% теріс көзқараста, соның ішінде 8,5% қарым-қатынастан қашады. Үштен көбі (36,2%) терең діндар адамдарға немқұрайлы қарайды.

VII БӨЛІМ. ЖАСТАР ОРТАСЫНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚ КӨҢІЛ-КҮЙІН БАҒАЛАУ

Мәселе.

Жастардың өз өмірлерімен қанағаттану деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары деңгейіне қарамастан, заманауи жастар бір-бірімен үйлесетін мәселелердің жиынтығына тап болып жатады, олар жастардың көңіл-күйін түсіретін фрустрацияның пайда болуына, қоршаған әлемдегі ренжіске, мемлекетке қатысты шағымдарға әкеледі.

Елдегі жастардың бір бөлігінің елеулі мәселелері негізінен әлеуметтік-экономикалық салаға байланысты - табыс деңгейі төмен, жұмыссыздық, еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіздік, тұрғын үй мәселелері және т.б. Жастардың осы мәселелері ойдағыдай шешу жолдарын көрмеген кезде, жастар арасында наразылық көңіл-күйлерінің дамуы үшін негіз бар. Жастар ортасындағы басқарылмайтын наразылық қозғалысы қоғамдық тәртіпті бұзады және қоғамның тұрақты дамуының бұзушы факторы бола алады.

Бұл зерттеудегі жастардың наразылық әлеуетінің деңгейі жастардың тұрғылықты жердегі наразылық митингілерінің ықтималдылығын анықтау және жастардың пікірінше, жастар арасында наразылықтың белсенділігінің деңгейін көтере алатын мәселелерді талдау арқылы анықталды.


Нәтижелер.

7.1 Жастардың тұрғылықты жердегі наразылық акцияларының болу ықтималдығын бағалау

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, жастардың 70% қаладағы/ауылдағы наразылық акциясы әрекеттерінің пайда болу қаупі жоқ (бірінші жартыжылдықта 72,5%, екінші жартыжылдықта - 71,2%). Олардың 40,6% бұл жағдайдың мүмкін еместігіне біржолата сенімді, ал 30,6% «жоқ деуге болады» деген жауапты таңдаған, яғни Қазақстандағы наразылық көңіл-күйдің даму ықтималдығы толығымен жоққа шығарылмаған, бірақ олар оны минималды деп санайды.

Әрбір бесінші жас азаматтың (18,3% елдегі жастардың) бүгінгі күні Қазақстанда жастардың наразылық акцияларының ықтималдығы бар деп санайды, ал олардың кейбіреулері (4,5%) бұл мүмкін екеніне толықтай сенімді (7.1-сурет). Жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда осы көрсеткіш 4,7 пайыздық тармаққа өсті, бұл негізінен бірінші жартыжылдықта жауап беруге қиындық тудырғандардың үлесінің азаюына байланысты болды.

Сұрақ бойынша жауаптар: «Сіз қалай ойлайсыз, қазір Сіздің қалада/ауылда наразылық акцияларының болу ықтималдығы бар ма?» (%)



Наразылық акциясының пайда болу ықтималдығы 19-23 жастағы (19,5%) және 24-28 жас аралығындағы (18,6%), қазақ (19,9%) және басқа да (19,7%) ұлт өкілдері жиі атап өтті. Салыстыру мақсатында орыстар арасында бұл көрсеткіш 11,5% құрады.

Қалалық және ауылдық жастардың жауаптарында айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін айта кету керек.

2016 жылғы (2016 жылдың 4 тоқсанында) зерттеу нәтижесі бойынша жастар ортасындағы наразылықтың пайда болу қаупі туралы жастардың пікірін салыстырсақ, жағдайдың өзгермегенін байқаймыз, алайда жас азаматтардың 70% осындай қауіп жоқ екеніне сенімді.

7.2 Жастар ортасындағы наразылық белсенділігі деңгейін жозарылатуға қабілетті мәселелер

Жастар ортасында наразылық көңіл-күйінің феноменін зерттей отырып маңызды мәселе - олардың пайда болуының негізі, жастар арасында наразылық белсенділігінің өсуіне қандай мәселелер туындау мүмкіндігі маңызды мәселе болып табылады. Социологиялық сауалнама барысында респонденттер ұсынылған мәселелердің тізімін таңдап алу ұсынылды, олардың болуы жастардың арасында наразылық акцияларын ұйымдастыруға себеп болады. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (47%, бірінші жартыжылдықта - 54,8%) оларды ештеңе ашық наразылық жасауға мәжбүр алмайтынын атап өтті. 2016 жылғы 4 тоқсанында жүргізілген зерттеу деректері бойынша бұл көрсеткіш 49,6% құрады (7.1-кесте). Яғни, халықтың үлесі жеткілікті түрде тұрақты болып, мәселелерді шешу үшін ашық

наразылықтарды қабылдамайды. Сонымен қатар, респонденттердің 13,5% жауап беруге қиналды.

Шамамен 40% жастардың қоғамға наразылық білдіруге шығуға мәжбүр қылатын кейбір мәселелерді атап өтті.

Алғашқы жеті көрсеткіш негізгі себептердің бірі ретінде азық-түлік және негізгі қажет тауарлар бағасының көтерілуіне, жұмыстың қысқаруына немесе жұмыстан шығарылуына, жалақының дер кезінде берілмеуіне, негізсіз айыппұлдарға және қарыздар немесе ипотекалық немесе несиелер бойынша төлемдердің өсуіне байланысты өмір сүру сапасының күрт төмендеуі болуы мүмкін екенін көрсетеді - яғни материалдық мәселелерге қатысты факторлар. Сонымен қатар, сондай-ақ медициналық мекемелердің қызметкерлерінің немқұрайлығы және кәсіпқойлығының аздығы және экологиялық жағдайдың нашарлауы бар.

7.1-кесте

Сұрақ бойынша жауаптар: «Қандай мәселе Сізді қоғамдық наразылық акцияға шығуға мәжбүр етеді?» (%)

	1 жартыжылдық	2 жартыжылдық
Ешнәрсе мені ашық наразылыққа шығуға мәжбүрлей алмайды	54,8	47,0
Медициналық мекемелердегі қызметкерлердің емқұрайлылығы және кәсіпқойлығының аздығы	9,9	9,6
Азық-түлікке, жанар-жағармайдың материалдарына, дәрі-дәрмекке бағаның өсуі	9,8	13,7
Жұмыстан қысқартылу/босатылу	8,7	10,6
Әділетсіз сот шешімдері	8,5	7,2
Мерзімі кешіктірілген жалақы/шәкіртақы/ төлемдер	7,9	9,7
Тұрғын-үй мәселесі/ Жеке тұрғын-үй алуға мүмкіндіктің жоқтығы	7,6	5,1
Экологиялық жағдайдың нашарлауы	7,4	8,3
Биліктің әрекеттеріне қанағаттанбау	6,7	-
Негізсіз айыппұлдар	6,2	8,1
Несие немесе ипотека бойынша төлемдердің өсуі	5,9	8,2
Коммуналдық қызметтер тарифтердің негізсіз өсуі	6,1	7,7
Мектеп/колледж/ЖОО мәселелер	5,5	5,3
Этникалық негіздегі құқықтардың бұзылуы	5,3	-
Қабылданған реформалармен келіспеу	4,1	5,8
Қоғамдық көліктердің толып кетуі		2,1
Жауап беруге қиналамын	11,7	13,5

Аталған мәселелерді ранжирлеу тәртібі 2016 жылдың 4 тоқсанымен салыстырғанда біршама өзгерді, бірақ олардың басымдылығы жылдан-жылға сақталады. Елдің жастары үшін медицина мекемелерінің қызметкерлерінің

немқұрайлығы мен кәсіпқойлығы сияқты мәселенің маңыздылығы өсті, бұл жанама түрде осы мәселенің қоғамда өсуін көрсете алады.


Кез келген жағдайларда наразылық акциясына қатыспайтын жастар санаты туралы мәліметтерді қарастырсақ, олардың ішіндегі ең аз саны қазақтардың арасында (респонденттердің 44,5%), орыс жастар арасында - 52%, ал басқа этнос жастарының арасында 55 %. Сәйкесінше, аталғандар барлық этникалық топтардың жастарына қатысты болып келеді, алайда әртүрлі этникалық топтардағы наразылыққа дайындық әртүрлі деңгейде екенін көріп отырмыз. Наразылық акцияларына қатыспайтын жастар арасында гендерлік, жас ерекшеліктері мен басқа да әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бойынша елеулі айырмашылықтар жоқ.

Жастар зорлық-зомбылықпен қаншалықты жиі кездеседі? Көпшілігі өздеріне немесе басқа адамға қарсы зорлық-зомбылық фактісін жоққа шығарады - сауалнамадағы «Соңғы үш айда Сізге немесе Сіздің құрдастарыңызға қатысты қандай да бір физикалық және басқа да зорлық-зомбылық нысаны немесе куәгері болдыңыз ба?» деген сұрағына 85,6% «Ешқашан» деп жауап берді. 3,5% жауап беру қиынға соқты.

Респонденттердің 10,9% зорлық-зомбылықтың жиі немесе сирек көріністері туралы айтады. Жасы және жынысы бойынша топтарда көрсеткіштер нашар сараланған. Орыстар зорлық-зомбылық туралы жиі айтады (13,1%, қазақтар және басқалары арасында - 10,4%), ауыл тұрғындары (12,4%, қалалықтар арасында - 9,8%).

7.2-сурет

Сұрақ бойынша жауаптар: «Соңғы үш айда сізге немесе сіздің құрдастарыңызға қатысты қандай да бір физикалық және басқа да зорлық-зомбылық нысаны немесе куәгері болдыңыз ба?» (%)




Респонденттердің жауаптары зорлық-зомбылықты негізінен құрдастары тарапынан жасалады деп көрсетеді. «Сізге немесе Сіздің құрдастарыңызға қатысты физикалық немесе басқа да зорлық-зомбылық жасалды ма?» деген

сұраққа 55% жауап берді. Басқа үлкен топ - сыныптастар, көбінесе 14-18 жас аралығындағы респонденттер осылайша жауап берді.

Ата-аналар, негізінен қала тұрғындары 9% көрсетті. Қалалық жерлерде ата-аналар деп 15,1%, ауылдық жерлерде - 2,9% көрсетті. Ауыл тұрғындары негізінен мұғалімдерді (11,4%, қалада 0,9%), сыныптастарды (21%, қалада 17%), құрдастарды (57,1%, қалада 52,8%) атап өтті.

7.3-сурет

Сұрақ бойынша жауап: «Сізге немесе сіздің құрдастарыңызға қатысты физикалық немесе басқа да зорлық-зомбылықты кім жасаған?» (%)



Бөлім бойынша қорытындылар мен ұсыныстар:

1. Жас қазақстандықтардың басым көпшілігі өздері тұратын қалада / ауылда (бірінші жартыжылдықта 72,5%, екінші жартыжылдықта - 71,2%) наразылық шаралары болмайтындығына сенімді. Әрбір бесінші жасөспірім (елдегі жастардың 18,3%) бүгінгі таңда Қазақстанда жастар арасында наразылық акцияларының пайда болу мүмкіндігі бар деп есептейді.

2. Ағымдағы деректерді 2016 жылдың 4 тоқсанындағы зерттеу нәтижелерін салыстыру наразылық ықтималдығы туралы жастардың көзқарастарының тұрақтылығын көрсетеді. Соңғы үш жылда жастардың наразылық акциясының ықтималдылығы туралы пікірлері өзгерген жоқ, алайда жас азаматтардың 70% мұндай қауіп жоқ екеніне сенімді.

3. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (47%, бірінші жартыжылдықта - 54,8%) ештеңе ашық наразылық білдіруге мәжбүрлей алмайтынын атап өтті. 2016 жылғы 4 тоқсанда жүргізілген зерттеулерге сәйкес, бұл көрсеткіш 49,6% құрады. Яғни мәселелерді шешу үшін ашық наразылықтарды қабылдамайтын халықтың үлесі де қалыпты болып қалуда.

4. Шамамен 40% жастардың қоғамдық наразылық танытуына мәжбүрлейтін кейбір мәселелерді атап өтті. Олардың арасында әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелер маңызды рөл атқарады: азық-түлік және негізгі қажетті тауарларға бағаның өсуі, жұмыста қысқарту немесе жұмыстан босату, жалақыны дер кезінде бермеу. Бұл мәселелердің қатарында медициналық қызметкерлердің немқұрайлылығы мен кәсібилігінің жоқтығы және экологиялық жағдайдың нашарлауы сияқты мәселелердің болуы жастардың қажеттіліктерінің қоғамдық мәселелерге деген ауытқуын көрсетуі мүмкін.

5. Абсолютті көпшілік өзіне немесе басқа адамға қарсы зорлық-зомбылық фактісін жоққа шығарады. 85,6% соңғы үш айда өздеріне немесе олардың құрдастарына қарсы физикалық немесе басқа да зорлық-зомбылықтың нысаны немесе куәгері болмаған. Әрбір тоғызыншы адам зорлық-зомбылықтың жиі немесе сирек көріністерін атап көрсетті. Деректер бойынша, зорлық-зомбылықты негізінен құрдастар мен сыныптастар жасайды.

6. Жастардың наразылық сезімін төмен деп бағалау туралы ұсынылған деректер жастардың субъективті қабылдауының мазмұнын ғана көрсетіп, наразылық акциясының қауіп-қатер деңгейін толығымен көрсете алмайды. Осыған байланысты наразылық акциясының пайда болу динамикасын талдау, олардың қатысушыларының себептерін және әлеуметтік құрамын анықтау негізінде жастар арасында наразылық акциясының деңгейін егжей-тегжейлі зерделеу ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жастар контексіндегі әлеуметтік-саяси жағдайдың мониторингі жастардың арасында оптимизм мен олардың өмірінің түрлі аспектілерімен қанағаттанудың жоғары деңгейі басым екенін көрсетеді. Жас қазақстандықтардың көбісі басқалармен қарым-қатынасына, өз денсаулығына, білім сапасына және қауіпсіздіктің сапасына қанағаттанған. Жастар белсенділігінің ең проблемалық салалары экологиялық жағдайдың нашарлығы, медициналық қызметтің сапасы, қажетті тауарларға жоғары баға, жұмыспен қамту және тұрғын үй жағдайындағы қиындықтар болып табылады.

Қазақстандық жастар ең алдымен азық-түлік, тұтыну тауарларына, төмен табыстарға, жоғары білімнің жоғары бағасына, жұмыс табудағы қиындықтарға, жұмыссыздыққа және жеке тұрғын үйдің жетіспеушілігіне алаңдайды.

Жастардың Қазақстандағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыратын жұмысы туралы, мемлекеттік органдардың жұмысы туралы білім деңгейін барлық үш құрылым арқылы сипаттауға болады - ЖРО, Әлеуметтік даму министрлігінің Жастар және отбасы істері жөніндегі комитеті және Аймақтардағы жастар ісі департаментінің жұмысы. Жастар ресурстық орталықтарының жұмысы ел жастары үшін ең таныс, ал соңғы үш жылда ЖРО қызметі туралы ештеңе білмейтін (естімеген) жас қазақстандықтардың саны сол деңгейде қалып отыр. Дегенмен, осы құрылымдардың жұмысын білетіндердің басым көпшілігі олардың жұмысын тиімді деп санайды.

Әлсіз ақпараттандырылуға қарамастан, көптеген жастар жастар саясаты саласындағы жағдайға қанағаттанады. Қазақстанда мемлекеттік жастар саясаты қалай іске асырылғанына 49,7% қанағаттанған. Респонденттердің 23,1% қанағаттанбаған. 20% мемлекеттік жастар саясаты туралы білмейтінін мойындады. Мемлекеттік жастар саясатының жұмысына ең төмен қанағаттанатын егде жастағы жастар болып табылады. Бұл үрдіс тұрақты. Біздің ойымызша, бұл топ әлеуметтік мәселелерге көбірек ұшырап, олардың мемлекеттік органдардың деңгейінде жүйелі шешімін табатынына сенімді. Мұндай мәселелердің арасында жұмыспен қамту, тұрғын үй және білім беру мәселелері аса өзекті.

Респонденттердің 63,5% жауаптары бойынша мемлекеттік органдар жастардың нақты мәселелерін біледі. Олардың 25% мемлекет жастардың мәселелерін шешу үшін барлығын жасайтынына сенімді. Мемлекеттік органдардың 38,5% жастардың нақты мәселелерін біледі деп ойлайды, бірақ олар ештеңе шешпейді. Әрбір бесінші респондент мемлекет (19,4%) шешуі қажет жастар арасындағы мәселелерін нашар біледі, тағы 7,2% мемлекеттің жастар мәселелері туралы ешқандай ақпараты жоқ екеніне сенімді.

Жастар арасында жұмыспен қамту мәселелерінде патернализм басым болып отыр. Респонденттердің 44,6% мемлекеттің жастардың бірінші жұмысына кепілдік беруі керек деп санайды. Респонденттердің 30,8% мемлекет түлектердің өтініші бойынша жұмыс іздеуде қолдау көрсетуге тиіс

деп санайды. 15,4% мемлекеттің тек мемлекеттік құрылымдардағы жұмыс орындарына ғана кепілдік беруі керек деп санайды.

Мұндай патернализм аясында, респонденттердің пікірінше, жастарды жұмысқа орналастыруға кедергі келтіретін факторлар бірдей емес. Алынған мәліметтер бойынша төмен жалақы, тұрғылықты жері бойынша жұмыс орындарының болмауы және жұмыс тәжірибесі болмауы жұмысқа тұруға кедергі келтіреді. Жалақы факторы бірінші болып келеді. Яғни, жастардың жұмыссыздығы әрдайым бос орындардың жоқтығын білдірмейді, бұл еңбек нарығындағы шиеленіс әрдайым кездеспейді. Жұмыс орындарының жетіспеушілігі жағдайында, көбінесе, жалақылар бойынша ұсыныстар мен жастардың күтуі арасындағы келіспеушілік мәселесі жиі кездеседі. Бұл жағдай, біздің пікірімізше, қосымша эксперттік бағалауды және тиісті саяси шешімдерді талап етеді. Дамыған нарық жағдайында, шоу-бизнес, еңбек көші-қоны саласындағы қызметтер жастар түрлі мамандықтарды салыстыруға және алған мамандығына қарамастан жоғары ақы төленетін жұмысты таңдауға мүмкіндіктері бар (мысалы, қызмет көрсету саласындағы жұмыс, дипломы бар маман маникюрмен айналысады және т.б.).

Осы тұжырымның контекстінде, жастар *өздеріне тиісті* жұмысты таба алмаса, бірнеше ай бойы жұмыс күтуге дайын екендігін атап өту керек. 29,3% үш айдың ішінде жұмыс таба алады деп ойлайды; 27,3% - алты ай ішінде. Тек 17,4% қажет болған жағдайда қысқа уақыт ішінде тиісті жұмыс таба алады.

Бұдан бөлек, жастардың арасындағы дипломды жұмыссыздар мәселесінің өзектілігін атап өту керек. Сауалнамаға қатысқан жастардың 46,3% өздері тұратын аймақта жұмыс табу мәселелері бар деп санайды. 31,4% жастар *өз мамандығы* бойынша жұмыс табу қиын деп есептейді. Әлеуметтік көңіл-күй мониторингінің нәтижелері еңбек нарығының мақсатты зерттеулерін және осы саладағы мемлекеттік саясатты қайта қарау бойынша жастардың қарым-қатынастарын, ең алдымен, ғалымдардың елден кетуін болдырмау және жоғары оқу орындары мен ТЖКБ дайындаған білікті кадрларды тиімді пайдалану қажеттілігін көрсетеді.

Өз мамандығы бойынша жастардың жұмысқа орналасу мәселесі өте өзекті екенін ескере отырып, ол жоғары оқу орны мен мамандығы бойынша «кездейсоқтық» таңдаудың мәселесін «көрсетеді», елде қажетті мамандықтардың жыл сайынғы мониторингін жүргізуге бағытталған кәсіптік бағдарлау жұмысының тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынып, осы ақпаратты ата-аналар мен үміткерлерді таныстырудың ашық көздері, мектеп бітірушілер үшін кәсіптердің жекелеген түрлеріне жеке сипаттамаларын және бейімділігін анықтау.

Бұдан басқа, жастардың ең өзекті мәселелерінің бірі жұмыспен қамту, жұмыссыздық мәселелері болып табылады, сондықтан жұмыс іздеп жүрген жастарға көмектесуге бағытталған жастар еңбек биржалары, жастар ресурстық орталықтарының жұмысын оңтайландыру қажет. Еңбек нарығында жастарға көмек көрсетуге мамандандырылған жастар ұйымдарын жүйелі науқандық

жарнамалауды жүргізуге ерекше назар аударуға кеңес беріледі, себебі жастар ол ұйымдардың жұмысы жайлы нашар хабардар.

Олардың 81,7% өздерінің білімімен қанағаттанған, айта кететіні олардың арасында тек 30% білімдеріне толық сенімді. 15,5% қанағаттанбаған. Жастардың пікірінше, білім беру саласындағы ең өзекті мәселелер білім берудің жоғары құны, білікті мамандардың жетіспеушілігі, білім беру мекемелерінің жеткіліксіз қаржыландырылуы, техникалық құралдардың әлсіздігі және заманауи оқулықтардың жетіспеушілігі болып табылады.

Еліміздің жастары үшін ең таныс жобалар «Болашақ» халықаралық стипендиясы, «Дипломмен ауылға», «Жасыл ел», «Бизнестің жол картасы-2020», «Нұрлы жер» және «Жастар тәжірибесі» болып табылды. Көптеген мемлекеттік бағдарламалар Қазақстандағы жастарға «олар жайлы бір нәрсе естігенмін» деңгейінде белгілі. Өз кезегінде, бұл олардың әлсіз қызығушылығын және олар туралы нашар хабардар болушылығын көрсетеді. Бұл, сонымен қатар, жастарды осы жобаларға қатысуға тарту туралы ақпарат жұмысының төмендігі салдарынан туындайды деп есептейміз.

Жалпы алғанда, жастардың 53,9% (бірінші жартыжылдықта - 66,5%) тұрақты тұрғылықты орындарында бос уақытты ұйымдастыру жұмысына қанағаттанған. Респонденттердің 16,4% қанағаттандырылмаған (жылдың бірінші жартысында - 20,5%). Жылдың бірінші жартысында 31,2%, екінші жартыжылдықта 41,7% сапалы демалысқа қол жеткізе алмады (демалыстарға бармайтын, оның ішінде бос уақытты өткізетін мекемелердің жетіспеушілігіне байланысты және жұмыс сапасына қанағаттанбайтын үйлесімі). Жастардың 40% -дан астамы спортзалға немесе бассейнге бармайды.

Жастар өздерінің денсаулығын бақылайды: тек 7,1% медициналық мекемелерге бармайды. Негізгі бөлігі медициналық мекемелерге жылына бір рет (42,8%) немесе жылына 2-3 рет (37,9%) барып қайтатындарын атап өтті. Мұндай тұрақтылық мектептің немесе жұмыс берушінің талаптарына байланысты болуы мүмкін. Қажет болған жағдайда басым көпшілігі мемлекеттік медициналық мекемелерге жүгінеді. Жастардың әр бесінші өкілі негізінен 24-28 жастағы жастар жеке клиникаларға барады. Сонымен қатар, жастардың 75,5% өз денсаулығын өте жақсы немесе жақсы деп санайды. Тағы 21,7% - қанағаттанарлық.

Жастардың 63% өздерінің өмір сүру жағдайына толығымен қанағаттанған. 21,4% айтарлықтай қанағаттанған. 14,5% мүлдем қанағаттанбаған. Тұрмыстық жағдайларға қанағаттанбаудың негізгі себептері - тұрғын үй жағдайы (ескі), коммуналдық қызметтерге жоғары баға, жалға арудың жоғары құны. Тұрғын үй мәселесі 24-28 жас аралығындағы жастар үшін күрделі. Тек 6,4% тұрғын үй сатып алу мүмкіндігіне ие және үй сатып алуға ниетті. 32,1% ақша жинақтайды. Басқа адамдардың да жақын болашақта үй сатып алуға мүмкіндіктері жоқ, соған қоса отбасының табысы да ақша жинақтауға мүмкіндік бермейді.

Субъективті бағалау бойынша, жастардың 89,2% өздерін қазақстандық патриот деп есептейді. Қазақстанның жастарындағы патриотизм тұжырымдамасы негізінен эмоционалдық тәжірибеге байланысты. «Қазақстан патриоты» деген ұғымның 25,7% Отанға деген сүйіспеншілігіне байланысты. Отансүйгіштік тұжырымдамасы жастардың санасында кейбір өзгерістерге ұшырайды. Жастар сондай-ақ бұл ұғымды заңның үстемімен (азаматтың міндеттерін орындау, мемлекеттің заңдарын сақтау) және еліміздің болашағына сенімнің болуымен байланысты. Елдің ұлы жетістіктерімен мақтану - төртінші орынға ауысты.

Әртүрлі ұлт өкілдерінің «патриотизм» түсінігін түсіндіруінде кейбір айырмашылықтар байқалады. Қазақтар арасында «Отанын сүйу», «еліміздің ұлы жетістіктерімен мақтану» эмоционалдық сипаттамалары жиі кездеседі. Отансүйгіштік пен заң үстемдігі арасындағы байланыс орыстар мен басқа ұлттар арасында айқын көрінеді.

Жылдың екінші жартысында жастардың патриоттық сезімін тудыру үшін жастар «Қазақстандағы этникалық топтардың тарихын, салт-дәстүрлерін зерттеуге», «жалпы білім беретін мектептерде бастауыш әскери дайындықтан өтуге», «қоғамда жастар клубтарының жұмысын дамытуға» шақырады. Сонымен қатар, жылдың бірінші жартыжылдығына қарағанда жастардың назары мемлекеттік тілдің дамуына ауысады. Бұлардың ішінде «балалар мен жастар мемлекеттік тілдегі әдебиеттерді оқуға, қазақ және қазақстандық авторларға» және «қазақ тілін үйренуге» қатысты. Қазақ тілінің факторы көбінесе қазақ ұлтының жастарымен көтеріледі, бұл тұжырым болашақтағы зерттеулерді тереңірек талдау жасауды қажет етеді.

Біздің ойымызша, бұл саяси дискурстың көрінісі, ересек ортаға қызығушылықты қазақ тілін үйрену курсы мен әдістері, қазақ тіліндегі жоғары сапалы мазмұнға деген қызығушылықтың артуы, сондай-ақ әртүрлі этникалық топтардың өкілдері арасындағы күнделікті қарым-қатынаста теңгерімсіздік болуы мүмкін. Әсіресе, қазақ мектептерінің түлектерінің саны артып, еліміздің оңтүстік аймақтарында орыс тілінің әлсіреуі қарастырылады.

Зерттеу барысында алынған деректерге сәйкес, жас қазақстандықтардың діндарлық деңгейі орташа және қалыпты деп сипатталады. Жастар өкілдерінің 71% өздерін сенуші деп атады, ал бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 69% құрады. Дінге сенушілер үш топқа бөлінеді: діни қауымдастықтың өміріне қатысатын белсенді сенушілер (8,1%); діни нормаларды сирек сақтайтын және діни орындарға мереке күндерінде ғана баратын (25,5%); діни өмірге қатыспайтын сенушілер (37,4%). 16,9% өздерін сенбейтін деп санайды. Респонденттердің тағы 9,1% дінге немқұрайлы қарайды, 3% жауап беруге қиналады. Жастардың діни құрылымы тұрақтылықты көрсетеді. Респонденттердің басым көпшілігі діни ғимараттарға сирек барады немесе мүлдем бармайды және діни әдебиетке сілтеме жасамайды. Респонденттердің 18,2% апта сайын немесе айына 1-2 рет діни ғимараттарға барады. 20,7% діни әдебиетке қызығушылық танытты. Олар үшін үйде, Интернетте және діни орындарда діни әдебиеттер қолжетімді болып табылады.

Жас қазақстандықтардың басым көпшілігі қалада (бірінші жартыжылдықта 72,5%, екінші жартыжылдықта 71,2%) наразылық акциясының жоқтығына сенімді. Бес жасөспірімнің біреуі ғана (ел жастарының 18,3%) бүгінгі таңда Қазақстанда жастар арасында наразылық акцияларын өткізу мүмкіндігі бар деп есептейді. Сауалнамаға қатысқан жастардың жартысына жуығы (47%, жылдың бірінші жартысында - 54,8%) оларды ешқандай нәрсе ашық наразылық жасауға мәжбүр етпейтінін атап өтті. 40% жуығы әлеуметтік-экономикалық сипаттағы кейбір немесе басқа да мәселелерді көрсетті: өнімге және негізгі тауарларға бағаның өсуі, жұмыстарды қысқарту немесе жұмыстан босату, жалақыны дер кезінде бермеу. Бұл ретте медициналық мекеме қызметкерлерінің немқұрайлығы мен кәсіби еместігі және экологиялық жағдайдың нашарлауы жастардың әлеуметтік мәселелерге қажеттіліктерін қозғауы мүмкін.

Абсолютті көпшілігі өздеріне немесе басқа адамға қарсы зорлық-зомбылық фактісін жоққа шығарады - 85,6% соңғы үш айда өзіне немесе басқаларға қатысты қандай да бір физикалық және басқа да зорлық-зомбылық нысаны немесе куәгері болмаған. Зорлық-зомбылықты негізінен құрдастар мен сыныптастар жасайды.

